ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

AIQYN

ЖҰМА
№138 (3995)
17.09.2021

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

УНИВЕРСИТЕТ ҚЫЗМЕТІНЕ ЖОҒАРЫ БАҒА БЕРДІ

Елбасы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру мекемесінің президенті Шигео Катсуды қабылдады.

Кездесуде «Назарбаев Университетінің» 10 жыл ішінде қол жеткізген басты жетістіктері мен жоғары оқу орнын одан әрі дамыту стратегиясын жүзеге асыру барысы талқыланды.

Елбасы «Назарбаев Университетінің» аз уақыт ішінде жоғары білікті кәсіпқой кадр даярлайтын және отандық ғылымды дамытатын жетекші оқу орнына айналғанын атап өтті.

– Жас мемлекетімізге заманауи кадрлар қажет болды, сондықтан алдымен «Болашақ» бағдарламасын жарияладым. Уақыт өте келе бакалаврларды «Назарбаев Университетінде» даярлай бастадық. Мен осы жоғары оқу орнына жиі барып, диплом тапсыру рәсіміне қатысып тұрамын. Университеттің келешегі зор. Қазір ол көптеген отандық жоғары оқу орындарына үлгі болып отыр. Осының бәрі – сіздің еңбегіңіздің жемісі, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев оқу орнын әрі қарай дамыту керектігіне, соның ішінде жасанды интеллект технологиясын дамыту мен қолдану саласындағы жобаларды жүзеге асыруға назар аударды.

– Біздің бағдарламамыздың келесі даму кезеңі – Жасанды интеллект кампусын ашу. Оны Алматыда құру жоспарланып отыр. Жобаны іске асыруға қатысатын шетелдік компаниялармен келіссөз де жүргізілді, – деді Елбасы.

Өз кезегінде Ш.Катсу университеттің 2018-2030 жылдарға арналған стратегиясының негізгі индикаторларына қол жеткізілгені туралы баяндады. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру мекемесі президентінің мәліметіне сәйкес, бүгінде жоғары оқу орнында 6,8 мыңнан астам студент білім алуда. Ашылғаннан бері 5 мыңнан астам ғылыми мақала жарық көріп, 300 ғылыми жоба жүзеге асты. Ғылыми зерттеулердің сапасы бойынша «Назарбаев Университеті» Еуразия кеңістігіндегі 10 үздік жоғары оқу орнының қатарына қосылып, құрлықтағы жетекші оқу орындарына бәсекелес болып отыр.

Ауғанстандағы ахуалды талқылады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сәрсенбі күні Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшылары Душанбеде өтетін ҰҚШҰ және ШЫҰ саммиттерінің күн тәртібіндегі маңызды мәселелерді, оның ішінде Ауғанстандағы ахуалды талқылады, сондай-ақ өңірдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен күш-жігерді үйлестіруге келісті.

СЫН-ҚАТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ЖАЙЫН ПЫСЫҚТАДЫ

Душанбе қаласында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясы өтті. Оған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев, Беларусь Президенті А.Лукашенко, Қырғыз Республикасы Президенті С.Жапаров, Ресей Президенті В.Путин (бейнебайланыс режимінде), Тәжікстан Президенті Э.Рахмон, Арменияның Премьер-Министрі Н.Пашинян, сондай-ақ ҰҚШҰ-ның Бас хатшысы Станислав Зась шағын құрамда кездесу өткізді, содан кейін келіссөз делегациялар мүшелерінің қатысуымен жалғасты.

Мемлекет басшылары Ауғанстандағы ахуалға, халықаралық және өңірлік қауіпсіздік мәселелеріне қатысты пікірлерін ортаға салды. Сондай-ақ 2021 жылғы ұйым қызметінің басым бағыттарының жүзеге асырылуын қорытындылап, алдағы кезеңге арналған жоспарын анықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев шағын форматта өткен кездесу барысында өз әріптестеріне қатысушы мемлекеттер арасындағы ықпалдастықтың өзекті мәселелері жөніндегі Қазақстанның ұстанымын айтты.

– Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің тамыз айында кезектен тыс өткізілген сессиясында Ауғанстандағы түбегейлі өзгерген ахуалға байланысты туындаған сын-қатерлер мен қауіпті егжей-тегжейлі талқыладық. Қазақстан тараптардың осы кездесуде айтқан тәсілдері мен ұсыныстарын қолдайды. Оларды іске асыру үшін нақты жұмыс істеуге дайынбыз. Біріккен штаб жанынан Жедел мониторинг тобын құру жөніндегі тәжік тарапының бастамасын дер кезінде ұсынылды деп санаймыз. Бұл Ауғанстандағы жағдайды қадағалап отыру мақсатында ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің құзыретті органдарының іс-қимылдарын ұйымдастыру үшін қажет. Елдеріміздегі террорлық ошақтарды анықтап, ауыздықтау жөніндегі, сондай-ақ экстремизм мен терроризм үгітіне қарсы күрес жұмыстарын күшейту қажеттігі туралы әріптестеріміздің пікірлерін қолдаймыз. Оңтүстік шекара әрі ҰҚШҰ-ның өзіндік «қауіпсіздік белдеуі» саналатын тәжік шекарасын бекемдеуге жан-жақты көмек көрсету қажет деп санаймыз, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Ауғанстан босқындарын және елдеріміздің аумағында шетелдің әскери базасын орналастырудың тиімсіздігі туралы ортақ ұстанымды қолдады. Сонымен қатар гуманитарлық көмек пен ауған халқына халықаралық қолдау көрсетудің маңызы ескеріліп, БҰҰ-ның Ауғанстандағы Миссиясының қызметкерлері Алматы қаласында уақытша орналастырылғанын айтты.

– Біздің бақылауымызша, Ауғанстандағы жағдай аса қатты тұрақсызданып, азамат соғысына ұласуы мүмкін. Жаңадан уақытша үкімет құрылды. Оның құрамы мен ниеті туралы әлемде әртүрлі пікір бар. Жаңа тәліп әкімшілігінің құрылуы Ауғанстанда бейбітшіліктің орнағанын және экономикалық тұрғыдан даму үшін қажетті жағдайлар жасалатынын білдірмейді. Бұл жерде күтпеген кедергілер бары анық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті Ауғанстандағы ахуалдың ушығуына алаңдайтынын білдірді. Оның пікірінше, осы елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай гуманитарлық дағдарысқа қарай бет алған.

Президенттің айтуынша, Қазақстан БҰҰ аясында Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі Ресеймен және ҰҚШҰ-ға мүше басқа да әріптестерімен өзара іс-қимыл жасауға ниетті.

Отырыс барысында Қазақстан халықаралық үш келісімнің қабылдануын құптады. Атап айтқанда, юрисдикция және құқықтық көмек көрсету мәселелері, ҰҚШҰ әскерлерін материалдық-техникалық қолдау және медициналық тұрғыдан қамтамасыз ету туралы, сондай-ақ Бітімгерлік қызмет туралы келісім Хаттамасы.

Мемлекет басшысы БҰҰ аясында Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру туралы ұсынысын қолдағаны үшін Ресей тарапына ризашылығын білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев барша әріптестерін бұл бастаманы БҰҰ-да ілгерілету ісінде Қазақстанды қолдауға шақырды.

Саммит қорытындысы бойынша ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің басшылары Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің декларациясын қабылдады. Сонымен қатар бірқатар құжаттарға қол қойылды.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚАРҚЫНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен кездесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қазақстан Президентінің Тәжікстанға жұмыс сапары осы елдің басшысы Эмомали Рахмонмен кездесуден басталды. Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Эмомали Рахмонға қонақжайлылығы үшін ризашылығын білдірді.

Президент Душанбе қаласында өтетін ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясы мен Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында өзекті жаһандық мәселелерді талқылау аса маңызды екенін айтты.

– Қонақжай Тәжік елінің, Душанбе қаласының алдағы самиттерге дайындығы өте жоғары деңгейде екен. Біздің тарап министрлер деңгейінде қажетті құжаттарды пысықтады. Қол қойылатын құжаттарды отырыс барысында жан-жақты талқылаймыз деп ойлаймын, — деді Қазақстан Президенті.

Тараптар екіжақты форматта да, көпжақты құрылымдар аясында да бірлескен іс-қимылдарды үйлестіруге дайын екенін атап өтті.

ЕКІЖАҚТЫ ҚАТЫНАСТАР ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ

Мемлекет басшысы Пәкістан Премьер-Министрі Имран Ханмен кездесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Пәкістан Премьер-Министрімен кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев өзара сенім мен сыйластыққа негізделген екіжақты қатынастардың деңгейі жоғары екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы ортақ мүдделі көздейтін салалардағы көлік-логистикалық байланыстарды нығайту үшін жаңа мүмкіндіктерді қарастыруға шақырды. Қазақстан Президенті сауда-экономикалық, ғылыми-технологиялық және мәдени ынтымақтастықты арттыру мәселесіне арнайы тоқталып, Имран Ханды Қазақстанға сапармен келуге шақырды.

Пәкістан Премьер-Министрі өз кезегінде екі ел арасындағы сауда-экономикалық ықпалдастықты нығайтуға септігін тигізетін логистикалық мүмкіндіктерді дамыту маңызды екенін айтты, сондай-ақ Қазақстан Президентін Пәкістанға сапармен келуге шақырды.

Кездесуде олар Ауғанстандағы ахуал мен өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ойларын бөлісті.

e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

Мүгедектігі бар балалардың жәрдемақысы өседі

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тағайындаған жаңа сенатор, Маңғыстау облысының бұрынғы әкімі Серікбай Трұмов ант берді. Ол палатаның Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі комитеттің мүшесі болды.

Депутаттар «Кейбір заңнамалық актілерге азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын I оқылымда қарады. Ол мүгедек азаматтардың және оларға күтім жасайтын адамдардың құқығын қорғауды күшейтуге, өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Онда ерекше қажеттіліктері бар балалар мен олардың отбасына назар аударылады. I топтағы мүгедектерге күтім жасайтын адамға жәрдемақы алғаш рет енгізілді. Сондай-ақ қамқоршылардың еңбек өтілінде ескерілетін мерзімді ұзарту ұсынылды.

«Бүгінде «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңға сәйкес, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін есептеу кезінде 16 жасқа дейінгі мүгедек баланы бағып-күткен уақыт есепке алынады. Заң жобасында еңбек өтілін есептеу уақытын 18 жасқа дейін ұзарту көзделген. Бұл шара зейнеткерлік жасқа келген адамдарға мемлекеттік базалық зейнетақысын және жасына байланысты зейнетақы төлемін алу кезінде еңбек өтілін толық ескеруге мүмкіндік береді», – деді сенатор Н.Төреғалиев.

Сенаторлар мақұлдаған және екінші оқылымда қарауға жіберілген бұл заң жобасы елдегі 400 мыңға жуық азаматтың құқығын қорғауды жақсартуға мүмкіндік береді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік Шәпкеновтің түсіндіруінше, бұл заң жобасында мүгедектіктің себебіне қарамастан, I топтағы мүгедектігі бар адамдарға күтім жасайтын азаматтарға берілетін жәрдемақыны енгізу қарастырылған.

«Қазір I топтағы мүгедектігі бар 66 мың адамның әрбір үшіншісі күтім жәрдемақысымен де, жеке көмекшінің қызметтерімен де қамтылмаған. Заң жобасын қабылдау арқасында өзгенің қамқорлығына мұқтаж 24 мың адам күтім бойынша жәрдемақымен қосымша қамтылады», – деді министр.

Бала денсаулығының бұзылу және тіршілік әрекетінің шектелу дәрежесін ескере отырып, заң жобасында 7 жастан 16 жасқа дейінгі балаларды ересектер секілді әртүрлі мүгедектік топтарына бөлу көзделеді. Бұған дейін бір ғана топқа жатқызылатын. Бұл шара оңалту іс-шаралары мен әлеуметтік көмекті, оның ішінде балалар ауруының дәрежесіне қарай жәрдемақылардың мөлшері бөлігінде саралауға мүмкіндік береді. Бұл ретте, мүгедектігі бар балалардың барлық тобы үшін жәрдемақы мөлшері 16,7%-дан 37%-ға дейін ұлғайтылады. Бұл шара 30 мыңнан астам балаға қатысты болады.

Медиафорум мәңгілік құндылықтарды атады

Нұр-Сұлтанда XVII Еуразиялық медиафорум ашылды. Медиақұрылтайдың күн тәртібіне заманауи халықаралық саясат пен ақпарат құралдары қызметінің өзекті мәселелері шығарылды. Алқалы жиын Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған пленарлық сессиядан бастау алды.

Онлайн және оффлайн форматта өтетін форумды Еуразиялық медиафорумның ұйымдастыру комитетінің төрайымы, Нұрсұлтан Назарбаев Қорының директоры Дариға Назарбаева ашты. Оның байламынша, биыл Қазақстан үшін ерекше мәнге ие: елдің азаттық алғанына 30 жыл. Бұл «бейбітшілік, жасампаздық, заманауи мемлекеттілік пен азаматтық қоғамның институттары құрылған жылдарға» айналды. Д.Назарбаева жаңа Қазақстанды қалыптастырудағы Елбасының рөлін ерекше атады:

– Соңғы 30 жыл тұрақты саяси, әлеуметтік, экономикалық жүйе, саяси және азаматтық мәдениет қалыптаспаған дамушы әлемде даму траекториясы көшбасшысының ерік-жігеріне өте қатты тәуелді екенін дәлелдеді. Бастапқы жағдайлар, табиғи ресурстар үлкен рөл атқарады. Ең бастысы, көшбасшының тұлғасы, оның болашаққа көзқарасы, елдің әлемдегі орны маңызды. Тұңғыш Президенттің басшылығымен еліміз қысқа тарихи кезеңде тәуелсіздікке, мемлекеттік егемендікке қол жеткізді, толыққанды заманауи экономика мен қарқынды дамып келе жатқан әлеуметтік саланы құра білді, – деді ол.

Форумның ұйымдастыру комитетінің төрайымы тәуелсіз Қазақстанның қазіргі халықаралық саясаттағы, әсіресе Орталық Азия өңіріндегі рөліне тоқталды, БАҚ-тың, интернеттің, әлеуметтік желінің рөліне тоқталған ол «жаһандық ақпараттық орта ұлттық және мәдени егемендікке елеулі қауіп төндіретініне» форум қатысушыларының назарын аударды.

Жиында коронавирус пандемиясы және оның қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіне әсері талқыға салынды. Пандемия халықаралық сенім мен диалог тетіктерінің үдерісін жеделдетті. Бұл ретте, Еуразиялық медиафорум сияқты алаңдардың рөлі зор.

«Біздің айтарымыз, талқылайтын мәселеміз бар, айырмашылықты емес, сындарлы өзара іс-қимыл үшін қиылысу нүктелерін іздеу керек», – деп түйді төрайым.

Жұмысын бүгін жалғастыратын XVII Еуразиялық медиафорумға Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев, әлемдік және қазақстандық жетекші БАҚ өкілдері, халықаралық сарапшылар, саясаткерлер, ғалымдар, қоғам және мәдениет қайраткерлері қатысуда. Жиында қазіргі геосаяси, әлеуметтік, идеологиялық сын-тегеуріндер, қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерлер, жаңа технологияларды дамыту, білім беру және басқа да толғауы тоқсан, мәнмаңызы терең мәселелер талқыға түседі.

Шетел фильмдері қазақша сөйлеуге тиіс

«Кинематография туралы» заңға фильмнің түпнұсқасын міндетті түрде мемлекеттік тілде дубляждау талабы енгізіледі. Бұған дейін қатаң талап болмады, субтитрмен бере салуға да рұқсат етіледі. Елге әкелінетін АҚШ-тың Голливудының және өзге елдердің киноөнімдері негізінен орыс тілінде көрсетіліп жүр.

Мәдениет және спорт министрлігі «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасын іске асыру аясында «Кинематография туралы» заңға өзгерістер енгізуді жоспарлап отыр. Түзетулер «міндетті дубляж немесе фильмнің қазақ тіліндегі түпнұсқасын талап етуге» бағытталған. Сондай-ақ сөздердің орфографиялық нормалары мен тәртібінің сақталуын, дұрыс құрастырылуын, айтылуын қамтамасыз ететін нормалар қабылданды.

Қазіргі уақытта мүдделі органдар, қоғамдық ұйымдар өкілдерінен және кинематография қайраткерлерінен жасақталған жұмыс тобы құрылды. Ол 10-нан астам отырыс өткізді. Онда кинематографияның кинокомиссияларды құру тетігі, фильмдерді қазақ тіліне дубляждау бөлігіндегі өзекті мәселелер талқыланды. Айта кетейік, бүгінде қазақ тілінде 35-тен астам фильм прокатқа шығып, оған демеушілер 1,4 миллиард теңге бөлді.

Заң жобасы алдағы қазан айында Үкіметте қаралады. Содан кейін желтоқсанда Мәжіліс қарауына жіберіледі. Жол картасына сәйкес 2022 жылы заңды қабылдау жоспарланып отыр.

Түркі әлемінің депутаттары жиналады

Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин Түркітілдес мемлекеттердің парламенттік ассамблеясының (ТүркПА) бас хатшысы Алтынбек Мамаюсуповты қабылдады. Кездесу барысында ұйымның мерейтойлық X пленарлық отырысына дайындық мәселелері талқыланды.

Түркітілдес елдер парламентшілерінің форумы биылғы 27-28 қыркүйекте түркі әлемінің астанасы Түркістанда өтеді. ТүркПА Кеңесінің оныншы құрылтайына Қазақстан, Әзербайжан, Қырғыз Республикасы, Түркия парламентерінің басшылары қатыспақ.

Мәжіліс Төрағасы Парламент өкілдерінің алдағы кездесуін тілге тиек етіп, X пленарлық сессияның маңызына тоқталды. Ол депутаттарға алғашқы онжылдықтағы жұмысының қорытындысын шығарып қана қоймай, сондай-ақ қазіргі заманның өзекті мәселелерін және ынтымақтастықтың келешектегі бағыттарын толық ауқымды талқылауға мүмкіндік беретініне назар аударды.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған түркітілдес елдердің парламенттік ассамблеясына бүгінде Қазақстан, Әзербайжан, Қырғыз Республикасы мен Түркияның парламентшілері кіреді. Венгрия 2014 жылы ұйымда бақылаушы мәртебесін алды. ТүркПА-ның мерейтойлық X пленарлық отырысына Өзбекстанның Олий Мажлис заң шығару палатасының спикері бастаған өзбек Парламентінің өкілдері де шақырылды.

Балаларды кибербуллингтен қорғау қажет

Қазақстанда бала құқықтарын қорғау үшін әлеуметтік желілерге қосымша талаптар қойылады. Тиісті заң жобасы Мәжіліс Спикері Нұрлан Нығматулиннің төрағалығымен өткен жалпы отырыста палата бірінші оқылымда мақұлдады. Жиында депутаттар мен меморган өкілдері балалардың құқықтарын қорғауға қатысты пікір алмасып, заң жобасын жан-жақты талқылады.

Мәжіліс Төрағасы құжатта отбасында балалардың мүддесін қорғау, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу мәселелері қарастырылғанын атап өтті. Әсіресе, буллинг пен кибербуллинг қоғамда қатты алаңдаушылық тудырып отыр. Балаларды осы қауіптен қорғайтын нақты нормалар қажет. Статистикаға жүгінсек, 18 жасқа дейінгі балалар мен жастар арасында 2020 жылы 143 суицид және 306 өз-өзіне қол жұмсауға әрекет ету оқиғасы тіркелген. Биыл жарты жылда 105 суицид пен 193 өзіне қол салу әрекеті болыпты.

– Шынында, буллинг және кибербуллинг – өте қауіпті нәрсе. Ол балалардың психологиясын бұзатын, суицидке алып баратын жол. Сондықтан мектеп жасындағы балаларды буллинг және кибербуллингтен толықтай қорғайтын нақты нормалар енгізуіміз керек. Осыған байланысты екінші оқылымға дейін тиісті жұмыс жүргізілуі қажет, – деді Н.Нығматулин.

Оның байламынша, бұл заң жобасы қазіргі қоғамға қажетті көптеген мәселелерді, әсіресе балалардың құқығын қорғауға қатысты проблемаларды шешуі тиіс. Балаларды қорғау үшін отбасылық қатынастар, білім беру, денсаулық сақтау салаларында қосымша шаралар қарастырылды.

Мәжіліс Төрағасы осы заң жобасы Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың азаматтарды интернет арқылы қысым көрсетуден заң деңгейінде қорғау тапсырмасын орындауға бағытталғанын айтты. Дегенмен спикердің пікірінше, балалардың құқығын қорғау саласындағы проблемаларды бір ғана заң жобасымен шешу мүмкін емес.

Заң жобасымен жұмыс істеу барысында оған балалардың тұрғынжайға құқығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ отбасылық қатынастарда баланың мүдделерін қорғауға және интернет желісіндегі құқыққа қарсы контентті жоюға арналған бірқатар норма қосылды.

Жалпы, отырыста депутаттар «Кейбір заңнамалық актілерге мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын екінші оқылымда құптады.

Жалған ПТР-тест жасайтын цех табылды

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің СҚО бойынша департаменті Шекара қызметімен бірігіп, Петропавл қаласының тұрғындары ұйымдастырған заңсыз көші-қон арнасының жолын кесті.

Оған қатысы бар адамдар тұрғын үй пәтерінде жалған құжат жасайтын «жасырын» цех ашқаны анықталды. Онда «026/у нысанына сәйкес диагноз бен емделу мерзімін растау үшін аумақтық амбулаториялық-емханалық ұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындылары», «шетел медициналық ұйымдарынан емделуге шақыру хаттар», «ПТР-тестілер» секілді қоғамда қазір жоғары сұранысқа ие анықтамалар әзірленген. Бұл құжаттар карантин шектеулері қолданылған кезде Ресеймен арадағы шекараны кедергісіз кесіп өту үшін Қазақстан азаматтарына сатылған.

Тінтулер барысында қазақстандық және ресейлік медициналық ұйымдардың мөрлері, облыстың клиникалық-диагностикалық зертханасы мен емханасының ПТР-тестілерінің қорытындылары әшкереленді. Осыған орай Қылмыстық кодекстің 394-бабы 2-бөлігі – «адамдар тобы алдын ала сөз байласып жасаған заңсыз көші-қон» фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде.

Дайындаған Елдос СЕНБАЙ

aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

СҚО тұрақтандыру қорында 3 мың тоннадан астам өнім бар. Азық-түлік өнімдерінің барлығы дерлік жергілікті тауар өндірушілерден сатып алынды. Солтүстік Қазақстан облысының тұрақтандыру қорының жұмысы туралы ақпарат «Nur Otan» партиясы СҚОФ жанындағы өңірлік даму жөніндегі қоғамдық кеңестің отырысында жарияланды.

Тұрақтандыру қорының жағдайын баяндады

Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Данияр Исаевтың айтуынша, 2022 жылға 5 мың 200 тоннаға жуық өнім сатып алынған. Тағы 3 935 тонна сатып алу жоспарланған. Қазір тұрақтандыру қорынан ірі көлемде қарақұмық жармасы, күріш, күнбағыс майы, ұн, макарон өнімдері, қант, тұз, құс еті мен көкөністер сатылуда.

«19 атаудан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің 12 түрі 26 сауда желілерінде және тұрақтандыру қорындағы базарларда сатылуда. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен тікелей жеткізу тетігі белсенді қолданылады. «Айналым схемасы» шеңберінде күнбағыс майын сатып алу және оны одан әрі белгіленген бағамен сату үшін «Радуга» ЖШС-не жеңілдікті қарыз берілді. Бүгінде бөлшек сауда желісінде 555 теңгеден «Майское» күнбағыс майы бар. Сондай-ақ көкөніс бағасын тұрақтандыру үшін картоп, сәбіз және пияз сатып алу бойынша келіссөздер жүргізілуде», – деді Данияр Исаев.

Сауда желілерінің, көтерме кәсіпорындардың басшыларымен және кәсіпкерлермен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын төмендету және қолдау туралы 619 меморандумға қол қойылды. Осыған қарамастан, өңірлік даму жөніндегі кеңестің төрағасы мемлекеттік органдар тарапынан бағаны негізсіз көтеретін нарық субъектілеріне бақылауды күшейтуді, сондай-ақ тамақ өнімдеріне шекті бағаларды белгілеуді ұсынды.

Қоғамдық кеңесте ірі және шағын малды азықпен қамтамасыз ету мәселесі де қозғалды. Алдағы қысқы кезеңде облыс бойынша күтілетін мал басының саны шамамен 390 мың бас ІҚМ, 430 мың бас ҰММ және 134 мың бас жылқы. Мал қыстауын сәтті өткізу үшін 850 мың тонна шөп дайындау қажет.

«2021 жылдың 15 қыркүйегінде облыс бойынша 833,2 мың тонна шөп дайындалды, бұл қажеттіліктің 98%-ы. Бұдан басқа, 194 мың тонна қажеттілік кезінде 197,9 мың тонна пішендеме, 194 мың тонна қажеттілік кезінде 106,7 мың тонна сүрлем және 784 мың тонна қажеттілік кезінде 242,3 мың тонна сабан дайындалды. Жеке қосалқы шаруашылықтар үшін 498,3 мың тонна шөп дайындалды, бұл қажеттіліктің 97,7%-ы. Облыс бойынша 122,6 мың аула бар, оның ішінде 62,6 мың аула Ауыл шаруашылығы малдарын ұстайды. Жедел деректерге сәйкес 61,4 мың аула немесе 98%-ы шөппен толық қамтамасыз етілген», – деп атап өтті Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Мейрам Меңдібаев.

Жемшөп дайындау шығындарын азайту үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қосымша 4,7 мың тонна көлемінде арзандатылған ЖЖМ бөлінді, сондай-ақ өңірде ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері үнемі өткізіледі. Сонымен қатар мемлекеттік қолдау шараларын алатын агрокұрылымдардың басшылары мен ауылдық округтердің әкімдіктері арасында халыққа азық-түлікті төмендетілген бағамен сату бойынша меморандумдар жасалды.

Бұл мәселені қоғамдық кеңес мүшелері бақылауға алды. Атап айтқанда, олар Ауыл шаруашылығы басқармасына қыркүйек айының соңына дейін әр аудан бойынша жемшөп тапшылығын анықтауды, сондай-ақ күтпеген жағдайлар туындаған кезде жемшөптің жалпы қажеттілігінен 5%-ға дейінгі көлемде резервтік қор құруды ұсынды.

Балаларға арналған спорт секциялары ашылды

«Жастар» спорт кешенінде ерекше күтімге мұқтаж балаларға арналған «Бочча» және «Адаптивті жүзу» спорт түрлерінен секциялар ашылып, ашық мастер-класс өткізілді. Секциялар «Саламатты болашақ» әлеуметтік жобасы, «Nur Otan» партиясының «Кедергісіз келешек» жобалары аясында ашылды.

Ашылу салтанатына «Тең мүмкіндіктер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің директоры Нұргүл Ұлжекова, облыстық Спорт және дене шынықтыру басқарма басшысының орынбасары Алмат Үшкемпіров, облыстық мүгедек балаларға арналған спорт мектебі директоры Ерлан Бақтыбаев пен «Nur Otan» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлнар Тойлыбаева қатысты.

Бочча – мүгедектерге физикалық қабілеттерін дамытуға,ептілікке, дәлдікке, төзімділікке, қозғалыстарды үйлестіруге және қоғамда әлеуметтенуге көмектесетін паралимпиадалық доп ойыны. Адаптивті жүзу секциясының ерекшелігі – түрлі типтегі мүгедектігі бар балалар тобының, сондай -ақ нормотипті балалардың құрамын құрудағы интеграцияланған тәсіл.

«Nur Otan» партиясының «Жол картасында» инклюзивті білім беру, бұқаралық спортты дамыту мәселесі қолға алынды.

Партияның бастамасымен инфрақұрылымдардың мүмкіндігі шектеулі жандарға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін 5 жылға 1 294 нысанға бейімделу жұмыстары жүргізілмек. Осы жылы 258 нысанға бейімделу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Оның ішінде 145 нысанға 141,4 млн теңге көлемінде қаражат бөлінді.

Талдықорған балалардың бейімделетін спорттың дамуына қолдау көрсеткен он үшінші қала болды. Алдағы уақытта ашылған секцияларда ерекше күтімге мұқтаж 20 бала тегін спортпен айналысатын болады. Оларға қоғамдық қордың ұйымдастыруымен 2 жаттықтырушы арнайы оқыту әдістемесі негізінде, демеушілердің көмегімен алынған спорттық құралдармен жаттығуға жәрдемдеседі.

Ресми ашылуы аяқталған соң партия басшылығы, қоғамдық бірлестік пен облыстық Спорт басқармасы арасында өзара келісім жөнінде меморандумға қол қойылды. Салтанатты ашылу «ерекше» бүлдіршіндердің алғашқы бочча сайысымен және партия тарапынан естелік сыйлықтарымен жалғасты. Қуанышты жас спортшылар естелікке суретке түсті.

Партия Қосшыдағы қандай мәселелерді шешті?

Жыл соңына дейін Ақмола облысы Қосшы қаласында бір ауысымда 100 адам қабылдайтын емхана және 1 200 орындық мектеп салынады. Келер жылдың соңына дейін тағы бір мектепті пайдалануға беру жоспарланып отыр. Депутаттар мен атқарушы орган өкілдерінің қатысуымен өткен нұротандықтардың көшпелі жиынының алғашқы нәтижелері туралы партияның баспасөз қызметі хабарлады.

Еске сала кетсек, бұған дейін «Nur Otan» Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесіне Қосшы қаласының 100-ден астам тұрғынынан қоқыстарды жою, сумен жабдықтау, көлік және т.б. мәселелерді шешу туралы ұжымдық өтініш келіп түскен болатын.

«Орталық аллея қоқыс орнына айналғалы біраз болды. Мұнда балалар ойнайды, қоқыстың иісі қолқаны қауып, үйімізге дейін жетеді. ПИК-ке бірнеше рет өтініш білдірдік, олар бізді әкімдікке жібереді, ал әкімдік қайтадан солардың өзіне сілтейді. Осылайша, екі ортада сенделеміз», – деп шағымданды жергілікті тұрғын Әсем Есламбекқызы.

«Nur Otan» Ақмола облыстық филиалының партиялық бақылау комиссиясы жүргізген инспекциядан кейін жергілікті билік қазан айында 20 жаңа қоқыс контейнерін орнатуға уәде берді. Сумен үздіксіз қамтамасыз ету үшін әкімдік осы жылдың 1 желтоқсанына дейін тұрғын үйлерге су қысымын арттыру үшін қосымша сорғылар орнатады.

Партия мүшелері мұндағы көлік мәселесін де естен шығарған жоқ.

«Тұрғындардың барлығы дерлік Нұр-Сұлтан қаласына жұмысқа барады. Автобустар үнемі лық тола. Адамдар жұмысқа баратын, қайтатын қарбалас уақыттағы жағдай тіптен қиын. Жүргізушілерді аяп кетемін. Автобустардың жүру жиілігін арттыру қажет, әсіресе таңғы және кешкі уақытта», – деді жергілікті тұрғын Райхангүл Ақберганова.

Баспасөз қызметінің хабарлауынша, 1 қарашаға дейін Қосшы мен Нұр-Сұлтан арасында қатынайтын қосымша автобус бағыты ұйымдастырылады. Сондай-ақ қыркүйек айының соңына қарай барлық қоғамдық көлік аялдамалары жөнделеді.

Жалпы, жетекші партияның сайлауалды бағдарламасы аясында Ақмола облысының Целиноград ауданында 118 шақырым инженерлік желілердің құрылысы жоспарланған. Бұл 3,5 мыңнан астам тұрғын үйді сумен жабдықтауға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, Қаражар ауылынан Қосшы қаласына дейін су құбырын тарту бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, келесі жылы оның құрылысы басталады.

Газ құбырының құрылысы аяқталуға жақын

«Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты 2021-2025 жылдарға арналған Шымкент қаласы бойынша сайлауалды бағдарламасының орындалуы бойынша Жол картасының №93 іс-шарасы, АГРС газ құбырының жұмыстары 98 %-ға аяқталды.

Шымкент қаласында жүргізіліп жатқан инженерлік инфрақұрылым жұмыстарының барысымен таныстыру мақсатында БАҚ өкілдеріне пресс-тур ұйымдастырылды. Ең алдымен журналистерді қалалық Энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасының басшысы Б. Болатбеков құрылысы жүргізіліп жатқан автоматтандырылған газ тарату стансасының құрылыс барысымен таныстырды.

Басқарма басшысы Шымкент қаласын табиғи газбен қамтамасыз ету мақсатында 250 000 м3/сағ құрайтын автоматтандырылған газ тарату стансасының құрылыс жұмыстары 98 пайызға орнылдалғанын атап өтті. Нысанның техникалық құрал-жабдықтары 100 пайыз орнатылған.

Бүгінде АГРС-3 нысанның газ құбырына гидравликалық сығымдау жұмыстары жүргізілуде. АГРС-3 нысанның құрылыс жұмыстары 2021 жылдың қазан айының соңына дейін іске қосу жоспарға қойылған.

Газ тарату стансасы іске қосылған кезде тұрғын үй, әлеуметтік, кәсіпкерлік және өндірістік нысандар сапалы және үздіксіз табиғи газбен қамтамасыз етіледі. Бүгінде 92,2% табиғи газбен қамтылған қала тұрғындарының саны 100 пайызға жететін болады.

Шымкент қаласының табиғи газ көздерінің қуаттылығы – АГРС-1, АГРС-4 «Шымкент» 180 000 м3/сағ. Ал қаланың қажеттілігі 250 000 м3/сағ болып отыр. Осы қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында АГРС-3 нысанын салуға шешім қабылданған болатын. Стратегиялық маңызы бар нысан құрылысы мердігер мекеме StroyGaz-Company ЖШС тарапынан жүргізіліп жатыр.

Кәсіпкерлікті қолдау жалғаса береді

«Nur Otan» партиясының Шығыс Қазақстан облыстық филиалы жанындағы экономиканы дамыту және кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі өңірлік қоғамдық кеңестің отырысы өтті.

Отырысқа «Nur Otan» партиясының Шығыс Қазақстан облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Олег Чугунков және кеңес мүшелерімен осы салаға жауапты басқарма өкілдері қатысты. Жиынның күн тәртібінде бизнес объектілеріне инженерлік желілерді жүргізу, қарапайым заттар экономикасы бағдарламасы бойынша маңызы басым жобаларды қаржыландыру және бизнесті дамытудың басым шарты ретінде отандық материалдар мен жабдықтарды барынша пайдалану мәселелері талқыланды. Бұл жұмыстарды жүзеге асыру «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыруға арналған Жол картасында нақты көрсетілген.

– Қоғамдық кеңестің әр отырыстарында біз партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруға арналған Жол картасының уақытылы орындалуын сөз етеміз. Себебі Жол картасының кейбір тармақтарының орындалуы бойынша қосымша сұрақтар туындауда. Кеңес мүшелері мен жауапты басқармалар осы мәселер бойынша жұмыс атқаруы тиіс. Біздің сайлау науқаны кезінде сайлаушыларға берген уәделеріміз біріншіден сапалы, екіншіден уақытылы орындалуы керек, – деді облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары О.Чугунков.

– Шағын және орта бизнеске қолдау көрсету мақсатында «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы шеңберінде 2010-2020 жылдар кезеңінде жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жеткізу бойынша жалпы сомасы 13,9 млрд теңгеге 57 жоба іске асырылды. Осы жылы жалпы құны 10 291,88 млн теңге болатын 16 жобаны іске асыруға 4 779,68 млн теңге бөлінді, – деді ШҚО Энергетика және ТКШ басқармасы басшысының орынбасары Н.Рамазанов.

Отырыс соңында кеңес мүшелері тарапынан кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған жұмысты жандандыруға арналған ұсыныстар айтылды.

Дайындаған Әбілмансұр ЖАСАН

aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ХАЛЫҚ САНАҒЫ: озық тұсы да, олқылығы да бар науқан

Қазақстанда 2,5 миллионнан астам адам онлайн форматта санақтан өткен. Бұл науқанға елдегі еңбек мигранттары да қатысуда: жұмыс берушілерге тиісті нұсқау берілген. Сонымен бірге ел тарихында алғаш қолданылып отырған онлайн санақтың олқылықтары әшкереленді. Әлеуметтік желіде пікір бөліскен азаматтар ондағы сауалнамаға жауап беруді бастағанымен, кейбір сұрақтан тіксініп, не қиындыққа кезігіп, бұл істі орта жолда тастағанын мойындауда.

Айхан ШӘРІП

КӨШБАСШЫЛАР МЕН АУТСАЙДЕРЛЕР АНЫҚТАЛДЫ

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының дерегінше, екі апта қорытындысында Алматы облысы алда келеді: мұнда 252 мыңнан астам тұрғын электронды санақтан табысты өтті. Екінші орынға ең ірі мегаполисіміз Алматы қаласы шықты: 225 мыңнан асты. Үздік үштікті әзірге Қызылорда облысы тұйықтады: 204 мыңнан астам адам санақ сауалына жауап берді. Тұрғындарды ынталандыра түсу үшін Алматыда тіпті санаққа онлайн қатысқандар арасында сыйлық ұтқызып жатыр.

Аутсайдерлер қатарында Маңғыстау (57 мыңдай) және Атырау (54 мыңдай адам) облыстары тұр.

Дегенмен басқа рейтинг бар: жергілікті халық санына шаққандағы санақтан өткендердің үлесі жөнінен Сыр өңірі алдына қара салмай келеді: қызылордалықтардың 24,9%-ы интервьюерлердің үй-үйді аралауын күтпей-ақ, санақтан өз бетінше онлайн өтіп болды (бүгінде өңірде жалпы саны 823 052 адам тіркелген). Тұрғындарының технологиялық озықтығы бойынша Батыс Қазақстан облысы II орынға шықты: 19,8% (облыста қазір 749 754 адам тұрақты тіркеуде тұр).

Ұлттық статистика бюросы азаматтарды санақтан онлайн өтуге шақырады: sanaq.gov.kz сайты 15 қазанға дейін тәулік бойы қолжетімді болмақ. Содан соң онлайн санақ жабылады. Одан қалыс қалғандардың үйінің есігін 1-30 қазан аралығында интервьюерлер қағады.

Мекеме тағы бір рейтингін жариялады: бір отбасыда ең көп адамның тіркелуі жөнінен әзірше Түркістан облысы көш бастады. Оның Сайрам ауданының Қарабұлақ ауылында бірден 22 адамнан тұратын отбасы санақтан онлайн өтті. Ұлттық бюро Абдазимовтар отбасын санақтың қаһармандары ретінде дәріптеуде. Кім білсін, олардың үлгісі өзге де ірі әулеттерді топ болып, онлайн сауалнамадан өтуге түрткі болар?!

«Жеті балам бар: 4 ұл, 3 қыз. Қазір үйде барлығы 22 адамбыз. Ұлдарым әйелдерімен және 12 немереммен бірге осы шаңырақта тұрады. Барлығымыз санақтан онлайн өттік және халықты осылай жасауға шақырамыз!» – дейді отағасы Абдулаким Абдазимов. Оның қыздары да отбасыларымен бірге онлайн форматты таңдаған, тек олар жеке отау құрып, бөлек үйге шыққандықтан, бұл отбасы санағына енбеді.

ЖАҚСЫ ІСТІ ФЕЙК БҰЛДІРМЕСІН

Бір қарағанда, бұл жолғы жалпыхалықтық сауалнамаға билік жоғары дайындықпен келгендей. Алайда жөнсіздіктері де әшкереленіп жатыр. Мысалы, Android платформасындағы дивайстарға арналған PlayMarket сервисінде «Онлайн перепись населения-2021» аталатын жалған қосымша пайда болды. Сол арқылы алаяқтар өзіне сенген, фейк-қосымшаға енген кейбір қазақстандықтың жеке басына қатысты егжей-тегжейлі мәліметті қолына түсіруі ықтимал.

«Бұл қосымша ресми емес. Бюро оны пайдаланған респонденттердің статистикалық мәліметтерінің құпиялылығын кепілдендірмейді», – деп статорган алдымен жауапкершіліктен басын ала қашты.

Ұлттық статистика бюросының басшысы Нұрболат Айдапкеловтің түсіндіруінше, оны Қазақстаннан бұғаттау мүмкін болмаған: «Фейк қосымшаны біз Қазақстаннан бұғаттап тастай алмадық, себебі ол шетелдік серверде орналасқан. Оны анықтай сала, қолдан келгеннің бәрін жасадық: Google-ге хат жолдадық, оның жалған екенін түсіндірдік. Мұнымен мемлекеттік техқызмет айналысуда. Азаматтарды тек ресми арналарда – sanaq.gov.kz сайты, eGov порталы және Aitu қосымшасы арқылы ғана санақтан өтуге шақырамыз», – деді ол.

Қазір фейк қосымша Google Play Store (PlayMarket) сервисінен жойылды.

Ұлттық статбюро жетекшісі науқанға қатысты өзге де проблемалардың беті ашылғанын мойындады.

«Санақ сайты жауап бермей, ілініп тұрып қалатын кездері болады. Бірақ бұл проблема провайдерлерге қатысты. Өйткені көптеген азамат ұялы байланыс арналары арқылы өтуге тырысады. Ал біздің жүйеміз әзірге шамамен 60%-ға жүктелді. Яғни, ауыртпалықты сезініп отырған жоқпыз. Ақпараттық қауіпсіздікке ҰҚК-ның мемлекеттік техникалық қызметі жауапты. Олар тәулік бойы мониторинг жүргізуде. Айтарлықтай хакерлік DdoS шабуылдар болған жоқ. Ондай кез келген қауіп-қатердің жолын техқызмет уақытылы кесуде», – деді Нұрболат Айдапкелов.

АРТҚА ШЕГІНУ ҚАРАСТЫРЫЛМАҒАН

Жалпыхалықтық сауалнамаға қатысты өзге де түйткілдер әшкереленді. Өскемен тұрғыны Виктория Сереброва sanaq.gov.kz сайты арқылы онлайн санақтан өтуге талаптаныпты.

«Анкетаны толтыру барысында «Үй шаруашылығы мүшелерін көрсетіңіз» деп аталатын 3-қадамға көшкенімде сұрақ туындады. Нақтылау үшін дереу 1446 бірыңғай байланыс орталығына хабарластым. Консультант оны нақты қалай толтыру керегін өзі де білмейтін болып шықты. Білмегенімен қоймай, мені жаңылыстырды: «Отбасымның мүшелерін қалай көрсетуім керек?» деген сауалыма тағы бір парақты – №2 үй шаруашылығын қосу қажетін айтты. Сөйтсем, «Үй шаруашылығы №1»-ді өзім толтырып, отбасы мүшелерін респонденттер ретінде қоса салғанымда дұрыс болады екен», – дейді ол.

Өскемен тұрғыны консультанттың айтқанына сеніп, қосымша парақты толтырып, келесі қадамға көшкенде, «3-И индексі» аталатын санақ парағында сәйкеспеушіліктер алдан шыққан. Олқылықты жою үшін Виктория отбасы мүшелерін «Үй шаруашылығы №2»-ден «Үй шаруашылығы №1»-ге көшіруі қажет.

«Сонда ғана «Үй шаруашылығы мүшелерін көрсетіңіз» деген парақты дұрыс толтырмағанымды ұғындым. Сондықтан 3 қадамға кері оралып, түзетпек болдым. Алайда «Артқа» бастырмасы мұнда жұмыс істемейтін көрінеді. Амалсыз, қайтадан 1446 Call-орталығына қоңырау шалсам, консультант бағдарламаның істен шыққанын, «Артқа» бастырмасы 6 қыркүйекке қарай қалпына келтірілетінін хабарлады. Бірақ 7 қыркүйекте де ол батырма жұмыс істемеді. Сөйтіп, онлайн санақтан өтуімді аяқтай алмадым. Әрине, бәрін қайтадан бастауға тырыстым. Әйткенмен, сайтта ЖСН-імді енгізсем болды, бағдарлама мені бірден 4-қадамға лақтырады», – дейді респондент.

Осылайша, Ұлттық статбюро кеңесшісымағының теріс кеңесі кесірінен азамат босқа уақыт жоғалтқан, жүйкесі жұқарған. Халықтан түскен осы шағымдарға Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Қайрат Келімбетов өз блогы арқылы жауап берді. Оның айтуынша, онлайн санақта мекенжайлық бөлікті толтыру кезінде респондент, яғни толтырушы адам бір шаңырақ астында тұрақты және уақытша тұратын адамдарды тегіс көрсетуі тиіс. Жаза басқандар қатесін түзете алмайды!

«Респондент алдымен отбасы мүшелерінің нақты санын анықтап алып, бәрін жазып, тек содан кейін ғана келесі санақ парақтарын толтыруға өтуі керек. 2-Ж және 3-И санақ парақтарына өтіп кеткен соң, отбасы, үй шаруашылығы мүшелерінің санын түзету үшін артқа қайту қарастырылмаған! Мұндай респонденттер енді тек 1-30 қазанда планшет көтерген интервьюерлер үй-үйді аралағанда қайтадан санақтан өте алады. Интервьюерге онлайн санақта парақтарды толтыруда қателескенін айтуы қажет», – деді Қайрат Келімбетов.

ТҮСІНДІРУ ЖАҒЫ КЕМШІН БОЛДЫ

Кейбір адам санақтың өзгеге айтқысы келмейтін сырларды суыртпақтайтынын жаратпады. Мысалы, билік азаматтардан алда тұрмыс құру, үйлену ниетінің баржоғын білгісі келеді.

«Сұрақтары масқара: «15-49 жастағы әйелдер үшін: Сіз тағы бала тууды жоспарлаудасыз ба?» дейді. Балиғатқа толмаған қызымнан бала туғысы келетінін сұрауым керек пе? Бұл сұрақты ашық қалдырайын десем, жүйе ары қозғалуға мүмкіндік бермейді», – дейді Ерлан Жандосұлы.

Нұрсұлтандық Татьяна Алексеенко бағдарламаға азаматтардың мекенжайы дұрыс енгізілмегеніне назар аударыпты: «Білуімше, көп адам мекенжайы бойынша проблемаға кезікті: бағдарламада ескі мекенжай көрсетіліп кеткен. Мен ескісін де, жаңасын да іздеп, ұзақ таба алмадым. Көптеген сұрақтың сауатсыз құрылғанын байқадым. Осы жүйені құруға миллиард жұмсалыпты деп жатыр жұрт. Талан-тараж болмаған ба?».

Елорда тұрғыны Жәния Жақсыбекова санақ парағында жауабын өзі білмейтін деректерге кезіккен.

«Дүрмекке ілесіп, халық санағынан онлайн өтуге бел будым. Күрделі квест көрінеді. Мысалы, «Тұрғын үй жағдайлары» парағында үйіңіздің салынған жылын, сыртқы қабырғасының материалдарын, жалпы ауданын, шаршы метрін көрсетіңіз дейді. Үй жалдап тұрамын, мұндай мәліметтерді қайдан білемін? Құрсыншы деп, жаба салдым. Баспананың шаршы метрін білсем, кейінірек өтермін. Біраз адам осылай ақырына дейін жетпей, орта жолдан тоқтатқан шығар», – дейді ол.

Алматылық Жанар Әлтаева парақтарды қалай толтыру керегін түсіне алмапты: бірыңғай байланыс орталығына он шақты рет қоңырау шалып, байланыса алмағандықтан, қолды бір-ақ сілтеген.

Әлеуметтанушылар бұл сұрақтардың бәрі орта және ұзақмерзімді болжам мен жоспар құру үшін қажет екенін айтады. Азаматтардың баспанасына қатысты сұрақ тұрғын үй құрылысын, ал бала туу жөніндегі сауалдар – алдағы 5-10 жылдағы еңбек ресурсының есептік әлеуетін бағамдауға қажет. Ал қоғам өкілдері бұған сене қоймайды.

«Үкімет он жыл түгіл, бір жылға дұрыс жоспар құрып, болжам жасай алмайды. Күнбағыс майы күрт қымбаттап, әлемдік бағалармен теңесті. Қуаңшылықтан қаншама мал қырылды. Мұның бәрін ең құрыса, екі-үш жылға алға болжамдауға болатын еді. Тұрғын үй құрылысы қарқынды жүруде, алайда бағасы бәрібір қолжетімсіз», – дейді Динара Қалиева.

Бұл – жекелеген азаматтардың пікірі. Оның көбі түсіндіру жұмыстарының жетіспеушілігінен туындаса керек. Мамандар ұлттық санақтың құнды қорытындылары жерде қалмайды, елге пайда әкеледі деген үмітте. Айталық, оның барысында республика бойынша қанша апатты үй бары, қанша инфрақұрылым салу қажеттігі нақты анықталса, соның негізінде жаңа тұрғын үй бағдарламасы жасалуы мүмкін.

Мораторий сақтала ма?

Қаржы министрлігі микро және шағын бизнесті тексеруге мораторийді алып тастауды сұрап отыр. Олардың ойынша, 2020 жылдан бері осыны пайдаланып салықтан жалтарушылар көбейген. Одан бөлек, тексеруді күшейтіп, бюджетті толтыруға болады екен. Ендеше бизнесті тексеруге мораторий алып тастала ма? Пандемия әлсіретіп кеткен кәсіпкерлерге бұл жығылғанға жұдырық болып тимей ме? Қаржы министрлігінің бұл талпынысын қолдамай отырғандар көп. Олай болса, тараптар мен сарапшылардың уәжі қандай?

Нұрлан ҚОСАЙ

БЮДЖЕТКЕ КІРІС ТІРНЕКТЕП КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы өзінің биылғы Жолдауында Ұлттық қордың ресурсы шексіз емес екенін еске салып, бюджеттің кірісін арттыру үшін шаралар қабылдау туралы тапсырма берген болатын. Ал ондай мүмкіндіктер елімізде шектеулі. Қаржылық жағдай онсыз да қиындап келе жатқан мұндай уақытта кез келген кіріс көзін қарастырған абзал. Сондықтан да болар оның бір жолы ретінде Қаржы министрлігі микро және шағын бизнес субъектілерін тексеруге жарияланған мораторийді алып тастауды сұрап отыр. Өйткені кейбір кәсіпкерлер бұл бастаманы салықтан жазасыз жалтару мүмкіндігі ретінде қабылдаған.

«2020 жылдан бастап енгізілген тексерулерге үш жылдық мораторий бизнес қауымдастығының кассалық тәртібін нашарлатып жіберді. «Егер, мораторийді алып тастауға рұқсат берілсе, бұл Мемлекеттік кірістер комитетіне салықтан қасақана жалтарушыларды анықтауға мүмкіндік берер еді. Әзірге мұндай шешімнің қабылдану-қабылданбауы белгісіз. Егер қабылданса осы бағыттағы шаралар кешенінің жемісті болуына үлкен ықпал етер еді. Кәсіпкерлер салықты аз төлеу үшін шынайы табысын жасырады. Көп ретте кассалық чек бермейді. Әуелгіде осындай жеңілдіктер жасалған кезде кәсіпкерлер көлеңкеден шығып, өздерінің шынайы табыстарын көрсететін болады деп күтілген болатын. Бірақ олай болмай шықты. Жыл басынан бері бізге қазақстандықтардан зат сатып алған кезде чек бермегені туралы 19 мың шағым түсті», – дейді Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары Жайдар Инкербаев.

Қаржы ведомствосы мораторий алынып тасталған күннің өзінде де жаппай тексеру жасап, бизнеске кедергі келтіруді ойлап отырмағанын айтады. Мүмкіндігінше цифрлық мәліметтерді пайдаланып, салықтан жалтарғандарды анықтап, хабарлама жіберіп отырмақ екен. Ондағы мақсат – салық төлеушілердің міндеттерін өз беттерінше орындауға үйрету. Сондықтан да көп жағдайда қашықтан мониторинг жасаумен шектелмек. Оған олардың техникалық мүмкіндіктері жеткілікті көрінеді.

«АТАМЕКЕН» ТЕКСЕРІСКЕ ҚАРСЫ

3 қыркүйек күні Үкіметтің отырысы өтіп, Мемлекет басшысының Жолдау аясында бюджеттің кіріс бөлігін арттыру туралы берген тапсырмасы қаралған болатын. Сол кезде Қаржы министрі осындай ұсыныспен шыққан екен. Содан бері бұл мәселе бизнес қауымдастық аясында үлкен қоғамдық пікір тудырып тұр. Жалпы, мұндай ұсыныстары Қаржы министрлігі бұған дейін де бірнеше рет айтқан еді. Бірақ ол кездерде олардың негіздемесі әлсіз болды да, қолдау таппады. Атамекендіктер бұл жолы да олардың ұсынысы негізсіз деп санап отыр.

«Қазір микро және шағын бизнес өте қиын кезеңді бастан өткеріп отыр. Тексерулер жанданатын болса, бұл олардың жағдайын одан сайын ушықтырып жібермек. Біз Президент Жолдауы бизнеске кедергі келтіруге емес, керісінше оны қолдауға бағытталған деп санаймыз. Онда Үкімет пен әкімдерге бизнесті дамытуға тапсырма берілген. Инвесторлар тарту, салықтық базаны кеңейту мүмкіндіктерін қарастыру туралы айтылған. Ал бюджеттің кірісін арттырудың екі әдісі бар. Біріншісі – салықтарды механикалық жолмен көтеру, әкімшілік етуді нығайту. Екіншісі – ең қиыны, бизнесті дамытуға стимул беру, сол арқылы салық базасын көбейту. Бұл соншалықты тез жүзеге асып кете қоятын әдіс емес, бірақ ең дұрыс әдіс – осы. Сондықтан да әкімшілік етуді нығайтуға бағытталған мынадай ұсыныстар дұрыс емес деп ойлаймыз. Біз оны айдың басындағы Үкімет отырысында айтқанбыз. Ұлттық кәсіпкерлік палатасы бұл бастаманы қолдамайды. Ең соңғы шешімді қабылдайтын Мемлекет басшысы. Ол кісі тексерісті қолдамайды деп сенеміз», – дейді «Атамекен» ҰКП-ның атқарушы хатшысы Асқар Қасықов.

Атқарушы хатшының айтуынша, бұл ұсыныстың өзі қисынға келмейді. Өйткені микро және шағын бизнестің өзі үш жылға салықтан босатылған. Яғни, есепті 0% ставкамен тапсырады. Сондықтан мораторийді алып тастаған жағдайда олар соншалықты көп салық жинай алмайды.

ШАРАСЫЗДЫҚ ИТЕРМЕЛЕГЕН ШАРА

Мамандар Қаржы министрлігі бұл қадамға шарасыздықтан барып отыр деп санайды. Өйткені пандемияға байланысты салықты жинау көлемі қатты азайып кеткен. Ал бюджетті ұдайы толтырып отыру керек. Оның үстіне, мемлекеттік органдардың араны әбден ашылған. Ақшаны алудың бұрын екі жолы болатын. Бірі – Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттерді алу болса, екіншісі – сырттан қарыз тарту. Қазір оның біріншісін қыса бастады. Сондықтан да Қаржы министрлігі бюджетке ақшаны тірнектеп жинауға кіріскен.

«Мұндай шешім қабылданатыны туралы ештеңе айта алмаймын. Бірақ мәселе мораторийде емес, салықшылардың өздерінде деп санаймын. Өйткені біздің кәсіпкерлер салық төлеуден емес, тексерістен қорқады. Бізге бірінші кезекте салық инспекторларының бизнесмендермен жұмыс істеу мәдениетін көтеру керек. Олар жазалау риторикасымен емес, салық төлеушілердің сауатын арттыру, яғни ағартушылық мақсатпен жұмыс істер болса, кәсіпкерлер олардан қорқуды қояды да, мораторий керек болмай қалады. Тіпті, адамдар салық төлеуге асығып тұрар еді. Сондықтан да бізде айыппұл салу жүйесін жұмсарту қажет. Салық инспекторлары кәсіпкерге ел қазынасын бірге толтырысып жатқан әріптес ретінде қарауы тиіс», – дейді қаржыгер Расул Рысмамбетов.

Жалпы, еліміздегі мемлекеттік тексеруші органдардың ішінде тексеруге ең көп шығатындар – салық инспекторлары. Тексерулердің жалпы санының ішіндегі үлесі 25% көрінеді. Сондықтан олардың мораторийді алып тастау туралы бастамасы Президенттің ел экономикасы мен бизнесті қолдау саясатын жоққа шығарғанмен бірдей. Пандемия басталғалы еліміздегі кәсіпкерлік нысандарының бірқатары жұмысын тоқтатқан болса, бірқатары мүлдем жабылып қалған. Олар әлі оңала қойған жоқ.

«Бастапқыда орынжай жалға алып, дәмхана ашып бизнес бастаған болатынмын. Бірақ тексеруші органдардың көптігінен бизнесімнің мақсатын өзгертіп, дәмхананың орнына компьютерлік клуб аштым. Жөндеу жұмыстарын жасап, компьютерлер сатып алу үшін несие алдым. Енді-енді жұмыс бастаған кезімде пандемияға тап болып, жұмысты тоқтатуға мәжбүр болдым. Бірақ несиемді жабуды тоқтатқан жоқпын. Ұзақ уақыт тұрып қалатын болған соң тағы да кәсіпкерлік мақсатын өзгертіп, фаст-фуд сатуға көштім. Әзірге, тек шығындарымды жабуға мүмкіндігім жетіп тұр. Егер қосымша тексеріс шығатын болса, мойнына айыппұл мінетін болса, онда қиналып қалатын ретім бар. Сондықтан мораторийдің алынғанын қолдамаймын», – дейді ақтаулық кәсіпкер Сәуле Ибраева.

Қалай болғанда, бизнес қауымдастық Президенттің олардың мүддесін көздеп, мораторийді өзгеріссіз қалдыратынына сенеді. Өйткені қаржы ведомствосының бюджет толтырудағы ұсынысы бір бұл ғана емес. Мәселен, Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев квазимемлекеттік сектор компанияларының даму жоспарындағы стратегиялық көрсеткіштеріне қол жеткізбегені үшін, соның ішінде шығындарына жол бергені үшін бірінші басшыларының жауапкершілігін заңнамалық түрде бекітуді ұсынады. Одан басқа, заңнамаға тағы да бірқатар түзету енгізуді жоспарлап отыр. Қалай болғанда да, жалпы мораторий қолданыла бастаған 2020 жылдың басынан бері елімізде шағын бизнесті тексеру жеті есеге қысқарғанын ескерсек, бұл шектеу әуелде көзделгендей 2023 жылға дейін сақталып қалуы тиіс. Ал оны ары қарай созудың қажеттілігін уақыт көрсетер.

aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ҰЖЫМНЫҢ 75%-Ы КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ ВАКЦИНА САЛҒЫЗДЫ

Коронавирус инфекциясына қарсы вакцина салғызған қазақстандықтар арасында «Самұрық-Қазына» АҚ қызметкерлерінің үлесі басым. 11 қыркүйектегі жағдай бойынша Қор компанияларында еңбек ететін 203 853 қызметкер вакцинаның бірінші компонентін салғызды. Бұл Қорға қарасты компаниялардағы қызметкерлер мен жұмысшылардың 74,5%-ын құрайды. Ал 182 272 қызметкер, яғни тұтас ұжымның 66,6%-ы вакцинаның екі компонентін де салғызды. Вакцина салғызу заңға сәйкес ерікті түрде жүргізіледі, жұмысшының толық келісімі алынады. Бұл туралы Қордың корпоративтік басқару және әлеуметтік-еңбек қатынастары жөніндегі басқарушы директоры Мұхтар Манкеев брифингте хабарлады.

«Самұрық-Қазынаның» портфельдік компаниялары көптеген салада қызмет етеді, олардың тұрақты әрі мүлтіксіз жұмыс істеуі Қазақстан экономикасы үшін өте маңызды. Сондықтан жұмысшылардың вакцина алуы олардың денсаулығын сақтаумен қатар, ел экономикасының тұрақтылығы мен әл-ауқатын арттыруға ықпалын тигізеді», – деді Мұхтар Манкеев.

Бүгінде портфельдік компанияларда вакцина салу жақсы жолға қойылған. Өндірістік нысандарға вакцина салатын арнайы жылжымалы топ барып, егу шарасын жүргізеді. Әр жұмысшыға елімізде мақұлданған вакцина түрі ұсынылады. Қорда COVID-19-ға қарсы іс-қимыл жөніндегі жедел штаб құрылып, пандемияға қарсы жаңа іс-шаралар әзірлеп, вакцина салуға ынталандыру тетіктері ұсынылған.

«Мемлекет басшысының вакцина салу қажеттілігі жөніндегі тапсырмасына сәйкес, 270 мыңнан астам қызметкері бар «Самұрық-Қазына» қоры ұжымдық иммунитет қалыптастыруға белсенді атсалысты. Әлеуметтік желілер, салалық бұқаралық ақпарат құралдары мен бейнероликтер арқылы тұрақты түсіндіру жұмысы жүргізіледі. #менекпеалдым #явакцинировался челленджі ұйымдастырылып, барлық компанияның басшылығы вакцина салғызып, үлгі көрсетті», – деді Мұхтар Манкеев.

Оның айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында халыққа вакцина препараттарын қолжетімді ету үшін Қор Біріккен Араб Әмірлігі шығарған Hayat-Vax вакцинасының 1 млн дозасын сатып алуға қаржы бөлді. Оны биыл мамыр айында «СК-Фармация» кәсіпорны жеткізіп, Денсаулық сақтау министрлігі желісі арқылы таратты.

Қор компанияларының тобында қызметкерлерді коронавирусқа қарсы екпе алуға ынталандыру үшін жыл сайын ақылы еңбек демалысына қосымша демалыс күндерін қосу, кезектен тыс ақылы демалыс күнін беру, вакцина салғызған қызметкерлер арасында ұтыс ойындарын ұйымдастыру сияқты шаралар қолға алынған. Ал Қордың ресми сайтында вакцина салғызған қызметкерлер санын көрсететін есептеуіш орналастырылған.

Вакцина салғызғандар санын ұлғайту мақсатында қосымша іс-шараларды жүзеге асыру да көзделіп отыр. Соның ішінде психологтермен, қоғам белсенділерімен, медицина қызметкерлерімен кездесулер, ланч-бокстар ұйымдастыру сияқты іс-шаралар жоспарланған. Бұдан бөлек, «Самұрық-Қазына» АҚ еліміздегі вокзалдар мен пойыздарда да вакцина салатын қосын ашуды көздеп отыр.

Алтынбек ТОЛЫМБЕКОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы

«Ерекше» балалардың диагнозын ерте анықтаса...

Өз жасынан кеш жүріп, кеш сөйлейтін балалар көп. Медицинаның көмегіне кеш жүгінетін біздің қазақ бала бойындағы өзгерістерге көз жұма қарайды. Үлкендер жағы «Онда тұрған не бар екен? Оның әкесі де кеш сөйлеген» дейтіні тағы бар. Аутист балалардың алғашқы белгілері қандай? Қарапайым балаларға қарағанда қандай «ерекшелігі» бар? Оларды біржола емдеудің жолы бар ма?

Жадыра МҮСІЛІМ

АУТИЗМ – АУРУ ЕМЕС

Біздің елімізде ғана емес, қазір әлем елдерінде де аутизммен ауыратындардың саны азаймаса, көбеймеген. Мәселен, дүниежүзі бойынша әрбір 50-ші балада аутизм белгілері бар. Ал елімізде 6 мыңға жуық балаға «аутизм» диагнозы қойылған. Медицина тілімен айтқанда, аутизм – ауру емес, «психикалық даму ауытқушылығы» ретінде қарастырылады. Ерекше балалармен жұмыс істейтін мамандардың айтуына қарағанда, аутизмге шалдыққандардың саны анағұрлым артық болуы да мүмкін. Өйткені елімізде аутизмнің алғашқы белгілерін анықтау әлі де кемшін көрінеді. Егер ақылесі кешеуілдеп дамитын балалардың бойындағы кемшілікті дер кезінде анықтап, оңалту жұмыстарын ерте бастан қолға алса, балалардың ойлау және сөйлеу қабілетін әлдеқайда жақсартуға мүмкіндік болады. Әйтсе де, аутизмді біржола емдеу мүмкін емес.

«Білім қоры ABA KUSDARYN» қорының директоры аға ABA-нұсқаушы әрі директоры Дархан Ажмолдаев алты жылдан бері аутизмге шалдыққан балалармен жұмыс істейді. Айтуынша, осы жылдар ішінде орталықтың түзету сабақтарына қатысқан балалардың арасында қарапайым оқушылармен қатар білім алып жатқандар бар. Оның айтуынша, оңалту орталықтарына неғұрлым ерте келсе, соғұрлым балалардың мінез-құлқы мен ерекшеліктеріне түзету жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді. «Өзімнің балам да аутист. Қазір жасы 12-де, №69 мектеп-гимназияда 3-сыныпта оқиды. Инклюзивті сыныпқа барып жүр», – дейді ол.

Аутизм – ауру емес, бұзылыс. Ондай балалар ерекше болып туылады. Олардың бойындағы алғашқы белгілерді байқау да қиын емес. «Мысалы, адамның көзіне тік қарамайды, өздерінің денесіне өзгелердің қолын тигізбейді, құшақтасқаннан алыстан қашады, көппен араласқысы келмейді. Оның бойындағы «ерекшелікті» қалай білуге болады? Бала алғаш еңбектеп, жүре бастаған кезде өздерінің қалаған нәрсесіне саусақтарын, қолдарын көрсетіп білдіреді. Ал аутист балалар өздеріне керек дүниені өз қолымен емес, ата-анасының қолы арқылы көрсетуі мүмкін. Ата-анасының қолынан ұстап, өзіне қажетті затқа анасының қолын нұсқау, лақтыру арқылы сұрайды. Тілі шығатын жаста сөйлеудің орнына былдырлау арқылы қалауын білдіреді. Сөзді түсінбейді, айтқанды тыңдамайды. Осындай белгілерді байқаған бойда ата-аналар балаларын бірден психиатрдың көмегіне жүгінуге кеңес беремін», – дейді Дархан Ажмолдаев.

ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ – ТҰРАҚТЫ ЕМ АЛУ

Аутизм ауру болып саналмағандықтан, оның емі де жоқ. Бірақ бұл балаларды өзімен-өзін қалдырып, қолды бір сілтеу дегенді білдірмейді. Өйткені аутистерге тұрақты оңалту және түзету жұмыстары жүргізіліп отыруы қажет. «Біздің орталыққа бір жарым жастан бастап 15 жасқа дейінгі балалар келеді. Кеш келген бала кеш дамиды, кейде дамымай қалуы да мүмкін. Өйткені «ерекше» балалар адамдармен қылық арқылы қарым-қатынас жасайды. Айталық, бала кішкентай кезде жылау арқылы қалағанын біледі. Әткеншекке мінгісі келсе, тамақ жегісі келсе жылайды. Ата-анасы жылаған баланың қалауын істей берсе, сол қылық қалыптасып кетеді. Өскеннен кейін аутист балалардан сол қылықты алып тастау қиын. Екі жастағы баланы екі айдың ішінде түзетуге болады. Бірақ бәрібір ары қарай оңалтып, тұрақты жұмыс істеп тұрамыз», – дейді ABA-нұсқаушы.

БАЛАЛАР ДӘРІГЕРІ БІЛІКСІЗДІК ТАНЫТҚАН

Статистикаға сүйенсек, жыл сайын аутист балалар саны 17 пайызға дейін артып келеді. Егер 1970 жылдары 10 мың баланың арасында бір аутист болса, соңғы жылдары 48-56 баланың арасында біреуі осындай ерекшелікпен дүниеге келеді. Кейбір дерек көздеріне сенсек, 2018 жылға дейін балалар арасындағы аутизм 6 мың пайыздан аса артқан. Ресми деректен бөлек, баласының бойындағы «ерекшелікті» білмейтіндерді тағы қоссақ болады. Ақтөбелік Айзаданың ұлы сегіз айында алғашқы кездері өзге балалар секілді «апа, ата» деп былдырлап-ақ жүрген. Бірақ бір жастан асқанда өз-өзінен сөйлемей қалады. Тұрғылықты жері бойынша балалар дәрігеріне айтып, жағдайды түсіндірген. Баланы бірнеше рет қараған дәрігерлер: «Ұл баланың тілі кеш шығады. Оның үстіне, тым қатты еркеліктен де кеш сөйлейтін балалар болады» деп шығарып салыпты. Бірақ үшке келгенде де жарытып ештеңе айта алмаған соң Алматыдағы оңалту орталықтарының қабылдауында болыпты. Олар да жарытып ештеңе айта алмаған. Тек екі жылдан соң ресейлік дәрігерлер ұлына «аутист» диагнозын қойған. Осы аралықта біраз уақытын жоғалтып алған Айзада алғаш көрсеткенде, дұрыс бағыт бергенде оңалту жұмысын ерте бастан қолға алар едік деген өкінішін жеткізді.

Елордалық Эльмира да баласының бойындағы ерекшелікті ерте білген. Бірақ дәрігерлер бойы мен салмағын өлшеп жібере салған. Екі жарым жастан асқанда дабыл қаға бастаған ол: «Басында айтып жүрген сөздерін айтпады. Далаға жүгіріп кетеді. Артында келе жатырмын ба, мән бермейтін. Атын атасам қарамайды. Соны айтып дәрігерлерге қанша бардым. «Қайдағы жоқты интернеттен оқып аласыңдар» деп өзімді кінәлады. Соңында «аутизм» диагнозы қойылды. Баламды оңалтуды екі жарым жыл кеш бастадым. Егер дәрігерлер білікті болғанда емді ерте жүргізер едім» , – дейді.

ҰЛ БАЛАЛАР АРАСЫНДА АУТИЗМ КӨП

Білікті дәрігер баланың бойындағы ауытқушылықты алты айынан бастап біле алады. Өйткені аутизмге шалдыққан балалардың «ерекшеліктері» туғаннан бастап біліне бастайды. Өзгелер секілді ойыншықтармен ойнамайды, өзімен-өзі отырады, жылламайды, басқа адамдарға көңіл бөлмейді. Бөлмеге жалғыз тастап кетсе де, жақындарын іздемейді. Көп ата-аналар «Біздің бала тыныш. Жылауық емес. Барлық жерге тастап кете береміз» деп қуанатын көрінеді. Өкінішке қарай, бұл керісінше ата-аналарды ойлантуы тиіс. Көбіне жас ата-аналар балаларының бойындағы өзгерісті білмейді. Алматыдағы балаларды дамыту орталығының маманы Алтынай Жоламанова аутизм белгілері бар балалар алты айынан бастап анасынан айырылмауы керек екенін алға тартады. Бала бұл уақытта жақындарын жазбай таниды. Бұдан бөлек, қыз балаларға қарағанда ұл балаларда «аутизм» диагнозы жиі қойылады екен. Оның нақты себебін ғалымдар да әлі анықтаған жоқ. Мың жерден мықты болса да, аутист баланы жүз пайыз емдеу мүмкін болмаған. Себебі аутизмге шалдыққандардың бойындағы белгілермен күресіп, қазіргі тілмен айтқанда, кең тараған американдық ABA терапиясы аясында көмек көрсетуге ғана болады. Осылай ғана оларды оқшауланушына жол бермей, қоғамға сіңісіп кетуіне септігін тигізу мүмкіндігі бар.

Соңғы күндері Орталық Азия елдеріндегі саяси, әскери бағыттағы кездесулер, келіссөздер саны күрт көбейді. Шамасы, өңірдегі мемлекеттердің басшылары Ауғанстандағы жағдайға әлі де алаңдайтын болса керек. Тіпті, оған аталған елден әскерін алып кеткен АҚШ-та бейжай қарай алмайды.

БАС ШТАБ бастықтары неден қауіптенеді?

Ардақ СҰЛТАН

ГЕНЕРАЛДАРДЫ НЕ МАЗАЛАДЫ?

Жуырда елордада Орталық және Оңтүстік Азия елдері Қарулы күштерінің бас штаб бастықтарының конференциясы өтті. Былтырдан бері коронавирус пандемиясынан қауіптеніп оффлайндағы кездесулер сирек ұйымдастырылушы еді, осы жолы олай болмады. Әскерилер бетпе-бет жүздесті. Жиынға Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Пәкістан, Тәжікстан мен Өзбекстан елдерінің және АҚШ өкілдері қатысты. Әскерилер әдеттегідей сөзге сараңдық танытып, басқосуда өңірдегі қауіпсіздік, Ауғанстандағы жағдай талқыланғанын айтқанымен, бұл жиынның бұрынғылардан өзгеше тұсы бар. Ол – АҚШ өкілдерінің басқосуға қатысуы. Ең қызығы, конференцияда өңірдегі қауіпсіздік мәселелері, түрлі сын-қатерге қарсы іс-қимылдарды пысықтау жағы қарастырылған. Әрі қандай да бір қауіпке қарсы ҰҚШҰ мен Шанхай ынтымақтастық ұйымының рөлі пысықталған-ды. Ал бұл ұйымдар әдетте АҚШ пен НАТО-ның потенциалды бәсекелесі саналады. Оның үстіне, жиыннан бірер күн бұрын Қорғаныс министрі Мұрат Бектанов АҚШ Қарулы күштері орталық қолбасшылығының басшысы, генерал Кеннет Маккензиді қабылдаған. Сол кездесуде де Ауғанстан мәселесі сөз болғанды. Ал кейін, дәлірек айтқанда бейсенбі күні Тәжікстан астанасы Душанбеде министр Мұрат Бектанов Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Сыртқы істер министрлері кеңесінің, Қорғаныс министрлері кеңесінің және Қауіпсіздік кеңесі хатшылары комитетінің бірлескен отырысына қатысты. Онда да Ауғанстан мәселесі назардан тыс қалған жоқ. Біздің пайымдауымызша, әскерилер мен дипломаттардың қарбаласы Ауғанстандағы жағдайдың шыныменде күрделеніп бара жатқанын байқататын сияқты. Әрине, масс-медидада тарап жатқан мәліметтерге қарап «Талибан» қозғалысы Ауғанстанды толық бақылап отырғанына сенуге болар еді, бірақ әскерилердің қолында барлау деректері болатынын ескерген дұрыс.

МАККЕНЗИ ҚАНДАЙ КЕҢЕС АЙТТЫ ЕКЕН...

Жалпы, жоғары шенді әскери қызметшілердің кездесулерін әдеттегі оқиғалардың қатарына жатқызуға болар еді, бірақ бүгінде Орталық Азиядағы жағдай көңілге күдік ұялатады. Оның үстіне, әдетте кез келген ұсақ-түйекке бола өре түрегелетін теріскейдегі көршінің медиасы АҚШ генералы Кеннет Маккензидің сапарына қатысты көп ештеңе айтпады. Тек ақпарат таратумен шектелді. Егер жағдай бұрынғыдай болса «Ойбай, Қазақстан НАТО-ға кіргісі келеді, бізден алыстауға тырысады» дейтін мазмұндағы пікірлерді таратып, түрлі сарапшыны сөйлетіп алар еді. Әзірге тыныш. Біздің пайымдауымызша, мұның өзі Ауғанстан тарапынан төнуі мүмкін қауіпті өңірдегі барша мемлекеттің тиісті құрылымдары сезіп отырғанын байқатса керек. Ал американдық әскерилер қазақстандық әріптестеріне біршама мәлімет берген де шығар. Айталық, сол Кенттен Маккензи Ауғанстан жерін ДАИШ-тың 2 мыңнан астам террорисі паналап жүргенін айтқан еді. Егер американдық генералдың айтқаны рас болса, түстік жақтан бәрібір қауіп бар деген сөз. Оның үстіне, Тәжікстан билігінің «Талибанды» мойындамайтынын ашық мәлімдеп, Панджшердегі Ахмад Масудты қолдауға әзір сыңай танытуы да ойландыратын дүние. Сондықтан әскерилер жан-жақты ақылдасып, қауіптің алдын алуды ойлап жүргенге ұқсайды. Мұндай жағдайды білетін кез келген маманның кеңесі артық болмаса керек. Бәлкім, Маккензидің де пайдалы кеңесі болған шығар, кім білсін?!

P.S.

Ауғанстандағы жағдай қанша алаңдатты дегенмен, Орталық Азия елдері, соның ішінде Қазақстан өз жерінде шетелдің әскери базасын орналастыру әрі Ауғанстаннан келетін босқындарды қабылдау ниеті жоқ. ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұйымға мүше елдердің осынау ұстанымын қолдады. Мұндай шешім жан-жақты пысықталған соң ғана қабылданады. Әскери мамандардың да пікірі ескеріледі. Бәлкім, әскерилердің «кеңесіп пішкен тоны» осындай тоқтамға келуге септігін тигізді ме, кім білсін?!

aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

МАЛ ҰРЛЫҒЫ ТЫЙЫЛМАЙ ТҰР

Қазақстанда жыл басынан бері 2 мыңнан астам мал ұрлаушы ұсталған. Солардың кесірінен ауылдағы ағайын ондаған миллион теңге шығынға батып отыр. Олар полицияның өздерін қорғайтынына, жоғалтқан малдарын тауып беретініне сенбейді. Сондықтан бақташылар қолымызға қару алып, өз мал-мүлкімізді өзіміз қорғаудан басқа амал қалған жоқ деп ашынады.

Дәулет АСАУ

ХАЛЫҚТЫҢ ПОЛИЦИЯ ЖҰМЫСЫНА КӨҢІЛІ ТОЛМАЙДЫ

Ішкі істер министрлігінің деректеріне сүйенсек, соңғы бес жылда мал ұрлығы екі есеге азайған. Ол бойынша 2017 жылы – 1 323 факт, 2018 жылы – 1 338 факт, 2019 жылы – 1 058 факт, 2020 жылы – 724 факт, ал 2021 жылдың 6 айында 265 факт тіркелген. Дегенмен статистика өз алдына, ал ұрланған малды іздестіру ісіне халықтың көңілі әлі толмай отыр. Малдың ұрланған сәтінен бастап, оны тасымалдау, сою және базарда етін сату процестерін анықтауда жүйелілік, жеделділік жоқ деп наразы. Оның үстіне, малы қолды болған адам полицияға арызданып барса, оның өзін малды сенікі екенін дәлелде деп естерін шығаратын көрінеді.

Мәселен, осыдан екі жыл бұрын жалпы сомасы 200 мың долларға бағаланған 171 бас жылқысын ұрлатқан алматылық кәсіпкер Рақат Жұматаев әлі күнге әділдікке жете алмай жүр. Арыздана барған мал иесі туралы да, оған тиесілі мал басы жөнінде де ақпараттың бәрі мемлекеттік базада тұрғанына қарамастан, ішкі істер бөлімінің қызметкерлері оны тергеуге алған: «мұнша малды қайдан алдың, құжаттары қайда?» деп екі күн уақытты зая кетірген. Ал бұл уақыт ішінде барымташылар табанын жалтыратып үлгерген.

Құқық қорғау органдарының жайбасарлығына көңілі қалған кәсіпкер малын ұрлаған қылмыстық топты өз күшімен анықтаған. Фермердің куәлігі бойынша, полицейлер тергеу жүргізіп, күдіктілердің қылмысы толық дәлелденген және олардың өздері де жасаған қылмысын мойындаған. Бұл топтың құрамына малға жалған құжаттарды рәсімдеген ветеринар да кірген. Алайда айыпталушылар адвокатпен ақылдаса келе, фермерге келтірген шығынды сот үкімінен кейін өтейміз деген уәж айтқан. Әйтсе де, ұрлардың қылмысы дәлелденсе де әлі күнге жазаға тартылмаған, жапа шегушінің шығындары өтелмеген.

Алматы облыстық Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының бастығы Асхат Даниярдың айтуынша, бұл іс бойынша басты күдікті ұсталып, кейін ол қолхат бойынша үйіне жіберілген, содан бой тасалап, жасырын қашып кеткен. Іс осыған байланысты тоқтатылған, қылмыскер табылса, ол қайтадан жандандырылмақшы. Дегенмен тергеу кезінде ұрлық малдың ақшасына сатып алынған үш көлік қылмыскердің сыбайластарының атына жазылғаны белгілі болды. Сөйте тұра, аталған істің тергеуінде сыбайластардың күдікті емес, куәгер ретінде неге тіркелгені түсініксіз. Кәсіпкер ол бойынша Президентке де, Ішкі істер министрлігіне хат жазған, бірақ одан әзірге еш нәтиже болмай тұр.

«ЧИП» ТАҚҚАНМЕН, ҚЫЛМЫС АЗАЙМАЙДЫ

Ішкі істер министрлігі Криминалдық полиция департаментінің бастығы Думан Таевтың айтуынша, мал ұрлау оқиғаларының 60 пайыздан астамы жайылымда жасалады. Осыған байланысты министрліктің бастамасымен жергілікті атқарушы және уәкілетті органдарға малды жаю ережелерін әзірлеу және бекіту құзыреті берілген. Ережеге сәйкес, енді малды жайылымда қараусыз қалдыруға тыйым салынды. Мал жаю ережесін бұзғандар Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 408-бабы бойынша жауапқа тартылады. Бұл үшін 3 АЕК-тен (8 334 теңге) 10 АЕК-ке дейін (27 780 теңге) айыппұл көзделген. Сонымен қатар ұрлықтың алдын алуға және ашуға бағытталған, 2021-2023 жылдарға арналған мүлікті қорғаудың ведомстволық бағдарламасы бекітілді.

Shopan ata қойшылар қауымдастығының төрағасы Алмасбек Садырбаевтың айтуынша, ереженің жағымсыз жағы да бар. Құзырлы органдар ережені желеу етіп, аграрларға ретті-ретсіз әкімшілік айыптарды көп салатын көрінеді. Бұл мәселе де өз алдына жеке талдауды қажет ететін бір тақырыпқа жүк болғалы тұр.

Айта кету керек, қолды болған малды іздеу жұмыстары аса көп ресурстарды қажет етеді. Мысалы, Алматы облысының Қаратал ауданында тауға жайылып кеткен 40 жылқыны іздеуге аудандық ішкі істер бөлімінің жеке құрамы түгелдей жұмылдырылған. Олар жоғалған малды іздеуге 17 күн жұмсап, тікұшақ жалдауға мәжбүр болған. Ал тікұшақты 3 сағатқа жалдау құны 2 млн теңгеден асқан. Мұндай мәселені шешудің бір жақсы шешімін Солтүстік Қазақстан облысы тапқан. Онда Полиция департаментінің бастамасымен малды жайылымға қараусыз жібермеу үшін «малшы – мал иесі – әкімдік» деген принцип бойынша үшжақты шартқа отырады. Бұл үш тараптың да жауапкершілігін арттырады.

> *«Мал ұрлығы» атты баптың 1-тармағы бойынша осындай қылмыс үшін жүктелетін айыппұл мөлшері 3 мың АЕК-ке (7 миллион 575 мың теңгеге) дейін өсті. Ал бас бостандығынан айыру немесе оны шектеу мерзімі 12 жылға дейін жеткізілді, қылмыскердің мүлкі міндетті түрде тәркілеп алынатын болды.*

Кейінгі жылдары мал иелері ұрлықтың алдын алу үшін GPS трекерлерді пайдалана бастаған. Алайда олар арзан емес: егер ұялы байланыс болса отардың қайда жүргенін көрсетіп беретін әр құрылғы – 25 мың теңге, ал ұялы байланыссыз жұмыс істей беретін датчик 75 мың теңге тұрады. Ал оны әр қойдың мойнына іле беруге кімнің шамасы жетсін? Сондықтан мұндай «чиптер» ұсақ малды бақылауға жарамайды.

Дегенмен үйірлі жылқыдағы айғырдың мойнына трекер орнатып қойған жақсы. Өйткені кең даланы кезіп кеткен үйірді сол арқылы табуға болады. Жылқы қайда жайылып жүрсе де үйірдегі малды айғыр шашау шығармай ұстайды. Тіпті, өз басына қауіп төніп тұрса да түздің төрт аяқты тағысына мал бермейді. Бірақ қару-жарақпен сайланып келген екі аяқты ұрының жөні басқа, олар үйірдегі жылқыны бөліп әкетуі мүмкін. Сондықтан мұндай «чипті» әр биеге жекелей тағу керек болады. Ал үйірде 10-15 жылқы болса, оның әрқайсысына «чип» орнату мал иесінің қалтасын қағатыны анық. Егер мал басы 100 және одан көп болса, әрқайсысына құны 70-80 мың теңге тұратын мұндай құрылғы орнату үшін қыруар қаржы қажет болады. Сондықтан бұл да тығырықтан шығар жол емес.

Қазақстанда бүгінге дейін 33,5 млн бас мал сәйкестендірілген (биркалау, электронды чиптер, GPS бақылау және т.б.). Алайда 2020 жылы табылған 4 600 бас малдың үштен бір бөлігінде (1 560 бас) ешбір есепке алу белгісі болмаған.

Расы сол, қазақ даладағы малына тек ен салушы еді, қазір мал тұрмақ, үйдегі иттің де төлқұжаты бар. Құжатсыз қарыс жер аттай алмайсыз. Ал ұрлар өрістен мал әкеткенде оны құжатымен бірге алдырмайды ғой. Сөйте тұра, қылмыскерлердің ұрлық малды оп-оңай өткізетіні ойландырады. Ұрлық малды жолда алып жүргенде, базарда саудалағанда оның мөр басылған құжаты болуы керек қой...

Былтыр Қарағанды облысы Қаражал кенті, Жаңаарқа, Нұра аудандарының бір топ жылқысын ұрлады деген күдікпен қылмыстық топ ұсталды. Олар малды тірідей де, сойып та сатқан. Ұрланған малға ветеринарлық дәрігер олардың Жезқазған қаласындағы мал сою бекетінде сойылды деген жалған құжат жасаған. Тергеу барысында кәнігі барымташылардың осындай жолмен 200-дей жылқыны сатқаны анықталды.

Сондай-ақ ірі қалалардағы ет базарларында да «бармақ басты, көз қысты» әдісімен жалған құжаттар жасатып алуға болады. Тіпті, кейбір базарлар ешқандай құжатты да қажет етпейді. Бұл іске қатысты тергеу жұмысы әлі жалғасуда.

МАЛ ҰРЛЫҒЫ АУЫР ҚЫЛМЫС ТҮРІ БОЛЫП ЕСЕПТЕЛЕДІ

Барымта қазақ халқында бұрыннан бар. Тек бұрынғының теле-тентегінің жазасы ауыр болатын. Бұл дәстүр Кеңес Одағы кезінде де өзгерген жоқ. Қазақ Коммунистік партиясы атқару комитетінің 1921 жылы қабылдаған «Мал ұрлығымен күрес туралы» декретте мал ұрлығы халық шаруашылығының басты қатері екені айтыла келіп, ол үшін ең ауыр жаза – ату жазасы тағайындалған. Тәуелсіз Қазақстанда былтырға дейін мал ұрлығы «орташа қылмыс» санатына жатқызылып келді, тек былтырдан бастап оның жазасы қатаңдатылды. Енді мал ұрлығы үшін 7 млн теңге айып төлеуден 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Мынау көрші Өзбекстанда да қайталап мал ұрлау сол елдің Қылмыстық кодексіне сәйкес, 169-баппен ауыр қылмыс түріне жатқызылып, 8-ден 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы кесілген.

ІІМ мәліметінше, мал ұрлығы елдегі жасалатын ұрлықтардың 3,5 пайызын құрайды. Соңғы 5 жылда 91 мың бас мал қолды болған, оның 42,5 мыңы (46,6%) табылып, иелеріне қайтарылыпты. Осы уақыт ішінде мал ұрлығы үшін 11 мың қылмыскер жазаға тартылған. Олардың 1,5 мыңы қылмысқа топтасқан түрде барған. Бүгінде полицияның жедел есебінде 3387 мал ұрлаушы тұр.

2019 жылдың 27 қазанында ел Президенті мал ұрлығына қатысты жауапкершілікті күшейту қажеттігіне тағы бір рет назар аударды. Осыған байланысты Қылмыстық кодекстің 188-бабындағы «Ұрлық» бабы енді 188-1 деген бабымен бөлектенді.

«Мал ұрлығы» атты баптың 1-тармағы бойынша осындай қылмыс үшін жүктелетін айыппұл мөлшері 3 мың АЕК-ке (7 миллион 575 мың теңгеге) дейін өсті. Ал бас бостандығынан айыру немесе оны шектеу мерзімі 12 жылға дейін жеткізілді, қылмыскердің мүлкі міндетті түрде тәркілеп алынатын болды», – дейді Ішкі істер министрлігі Криминалдық полиция департаментінің бастығы Думан Таев.

Әйтпесе, мал ұрлаушыларды қолға түсіруде шұғыл-іздестіру шаралары ұйымдастырылып, оған полицияның бірқатар күш-құрылымы жұмсалып, қылмыс енді ашылды дегенде, жәбірленушілер арыздарын қайтып алып немесе келтірілген шығын жөнінде алдыңғы жауабын өзгертіп, бүкіл тергеу жұмысын жоққа шығаратын жайт жиі кездеседі. Өйткені, әдетте ұры алыстан келмейді, өз ауылының балалары. «Біреудің өзі жақсы, біреудің көзі жақсы» дегендей, ауыл болған соң адамдар бірбірімен тығыз араласады. Сондықтан айыпталушы жақ көп жағдайда араға ағайын салып жапа шегушінің арызын алдыртып тастайды, кешірімге келеді. Не болмаса қылмыскердің туыстары өшігіп алады, өзімізге қастандық жасар деген үрейден қаймығады. Енді жаңа заңнамада мал ұрлығы қылмыстың ауыр түріне жатқызылды және ол бойынша екі тараптың татуласуына тыйым салынды.

Суицидологтердің көмегі тапшы

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тосқауыл болмаудың салдарынан жуан жұдырықтан жәбір көргендерден соғылатын қоңырау да, суицид фактілері де жиілеп барады. Қылмыстық істегі сот психологиялық сараптаманың мүмкіндіктері мен ерекшеліктері жөнінде талдау жасаған мамандар осылай дейді. Отбасынды жәбір көрген жандарға неге араша бола алмай жүрміз? Ал ондай отбасында тәрбиеленген балалардың психологиясында қандай өзгеріс болады?

Жадыра МҮСІЛІМ

Дағдарыс орталықтары одағының жетекшісі Зульфия Байсақованың айтуынша, зорлық-зомбылықтың кез келген түрі әрбір сегізінші отбасында бар. Әрбір үшінші отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылық, әрбір жетінші әйел экономикалық, әрбір алтыншы әйел физикалық, әрбір үшінші әйел психологиялық зорлық-зомбылыққа тап болады екен. Отбасындағы кемсіту мен қорқыту әйелдер үшін қалыпты жағдайға айналған. Әйтсе де, «қалыпты» деп санаған күнделікті жұдырықтың соңы әйелдердің жазым болуымен аяқталады. Не болмаса психологиялық қысымның соңы суицид жасауға мәжбүр етеді.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНА ЖҮГІНЕТІНДЕР АЗ

Ішкі істер министрлігінің деректеріне сенсек, осындай отбасылық зорлық-зомбылықтан жапа шеккен 10 адамның екеуі ғана құқық қорғау органдарына жүгінеді. Ерлі-зайыптылардың арасындағы кикілжің көп жағдайда әкімшілік іс ретінде қаралады. Басым жағдайда жәбірленушілер өз арыздарынан бас тартады. Мәселен, бес айда отбасындағы зорлық-зомбылық бойынша қаралған 130 мыңға жуық шағымның 30 мыңы әкімшілік жауапкершілік ретінде қарастырылған. Қалған 100 мың әйел агрессордың ашса алақанында, жұмса жұдырығында қалған. Сондай-ақ жыл басынан бері төрт айда 46 901 адам полицияға жүгінсе, сотқа бар болғаны 8 мың іс жеткен. Оның 4 мыңы ерлі-зайыптылардың ымыраға келуімен бітіпті. Яғни, зорлықшылардың 10 пайызы ғана жауапқа тартылған деген сөз.

Елімізде әйелдерге арналған дағдарыс орталықтары көптеп ашыла бастады. Әйткенмен, жыл сайын жуан жұдырықтан жан сауғалағысы келетін мыңдаған әйел үшін бұл орталықтар аздық етеді. Облыстардағы жалғыз дағдарыс орталықтары шалғай ауылдарда күйеуінен қорлық көріп жүргендерге тіпті қолжетімсіз. Ауылдық жерлерде қорлық көрген әйелдер мен балаларға арналған полиция бөлімшелерінде арнайы бөлмелер де жоқ. Амалы таусылған әйелдер туыстарының үйін паналайды. Алайда қазақшылыққа салынатын ағайындар «ыдыс-аяқ сылдырамай, үй болмайды» деген пәтуа шығарып, ерлі-зайыптыларды қайта қосады. Өкінішке қарай, оның соңы көп жағдайда қайғылы аяқталады.

БАЛАЛАР ДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫСЫМ КӨРЕДІ

Өз әйеліне жұдырық ала жүгіретіндер ескерту алумен шектелсе, бір адам екінші адамды ұрса, онда оның үстінен бұзақылық жасағаны үшін іс қозғалады. Әйелін бірнеше сағат бойы ұрып, қол-аяғын көкала қойдай қылса да заң бойынша бұл денеге жеңіл зақым келтіру болып есептеледі. Осындай озбырлықты көрген отбасындағы балалардың жағдайы үнемі сырт қалып жатады. Зәбір көрген әйелдердің әрқайсысында үш-төрт баласы бар. Олар да психологиялық қысым көреді. Балалар да соққыға жығылады және әкесінің анасын ұрғанын көреді. Бұл – өсіп келе жатқан бала үшін психологиялық салмақ. Отбасындағы ата-анасының арасындағы жанжалға мектептегі буллинг қосылады. Қатарластарының қысымы мен отбасындағы кикілжің жасөспірімдердің суицидке баруына ықпал етеді. Бұдан бөлек, жасандылыққа толы әлеуметтік желіге тамсанатындар, өздерінің сыртқы келбеті мен әлеуметтік жағдайына көңілі толмаудың соңы да суицидпен аяқталады. Мысалы, былтыр 143 бала өз өмірімен қош айтысса, 306-сы қол жұмсауға оқталыпты. Биыл жарты жылда кәмелетке толмаған 105 бала суицид жасаған. Бұдан бөлек, 193 өз-өзіне қол жұмсау әрекеті тіркелген. Бұл айналып келгенде балалардың отбасылық жағдайда мүдделерін қорғауға, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу мәселелерінің кемшін екенін көрсетсе, психологиялық қысымға ұшырап, өмірден түңілуге дейін баратын балаларды қолдаудың жоқтығын көрсетеді.

ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫ ТИІМДІ МЕ?

Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасы әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлінісінің аға инспекторы Гүлмира Шрахметова суицидті жасауға итермелеген факторларды назардан тыс қалдырмау мақсатында полиция қызметкерлері мен тәжірибелі психологтер сот-психологиялық сараптамаларға талдау жасағанын айтады. Биыл 8 айда құқық қорғау қызметкерлері тұрмыстық қылмыстың, әйелдерге қатысты құқықбұзушылықтар мен қылмыстардың өсуіне жол бермеу бойынша мақсатты жұмыс жүргізген. «Біз отбасында зардап шеккен әйелдердің өз-өзіне қол жұмсау әрекеті бойынша халықпен алдын алу және түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Сондай-ақ отбасында суицид жасаған әйелдің әрекетіне мұқият талдау жүргізіледі. Қажет болған жағдайда мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылда консультациялық-құқықтық, психологиялық көмек көрсетіледі», – дейді Гүлмира Шрахметова.

ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚОЛ САЛҒАНДАР ЕШКІМГЕ КІНӘ АРТПАЙДЫ

Зардап шеккен әйелдердің дені азаматтық немесе ресми некеде тұрады екен. Белгілі психолог маман Нұргүл Сүйіндіқованың айтуынша, отбасы-тұрмыстық салада жасалатын суицидтің көбі мас күйінде, токсиманикалық мас күйде, ауыр самотикалық аурулар, туыстарымен жанжалды қарым-қатынас, қылмыстық жауапкершіліктен қорқу, оқудағы проблемалар, ажырасу және басқа да ауыр жағдайдың салдарынан жасалады. Көп жағдайда олар дәрілік препараттармен улану, тесетін-кесетін заттармен, құлау, өзін өртеу, суға бату, биіктен секіру арқылы суицид жасайды. Олар осы әрекеттерін көбіне көшеде, тұрғын үй-жайларда, оқу орындарында жасау жағдайы жиілеген. Ең соракысы, жәбірленушілер қылмыстық істерді тоқтатуды, ешкімге шағымдары жоқ екенін алға тартады екен. Суицид жасайтындар өздерінің әрекетіне ешкім қатысы жоғын айтып, ақтап алғысы келетін жағдай жиі болады. Олар өздерінің бұл әрекетін таблеткаларды шатастырып алумен, дәрі-дәрмектерді немқұрайлы ішумен болған жағдай ретінде түсіндіруге тырысады. Отбасындағы ересек адамдардың өз-өзіне қол салуына эмоциялық тұрақсыздық, жеке өмірде жолының болмауы, депрессивті жағдай, отбасылық өмірдегі жанжалдар, туыстар арасындағы түсінбеушілік, абайсызда және мас күйінде болуы себеп.

Бізде жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құқықбұзушыларға қатысты қорғау нұсқамалары шығарылады. Алайда қорғау нұсқамасын құлағына ілмейтін, үш сағаттық түсіндіру жұмысынан кейін күш көрсетуін екі еселететін ер адамдар көп. Өкініштісі сол, «Отбасы мәселесі – ортақ құпия» деп санайтын біздің қоғамда көрген қорлығын ашып айтудан қарағанда, өз өмірін өлімге қиған оңай болып тұр. Оның үстіне, өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерінің алдын алу және оларды ерте кезеңде өз-өзіне қол жұмсау қылықтарының пайда болуын анықтау бойынша мақсатты жұмыс жүргізе алатын білікті мамандар жоқ. Үшіншіден, полиция қызметкерлері өз-өзіне қол жұмсауға бейім адамдармен жұмыс істеу бойынша ұсынымдық сипаттағы іс-шара жүргізбейді.

aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

Жамбылда есірткі саудасы өршіп барады

Бүгінде Жамбыл облысында есірткі саудасымен күрес ерекше қарқын алды. Бұрын бұл бағыттағы жұмыстарға жұртшылық күмәнмен қараса, қазір құзырлы сала мамандары үш күннің ішінде 400 келіге дейін есірткі затын тәркілейді. Мұндай көрсеткішке сала мамандары «Допинг» профилактикалық іс-шарасы аясында қол жеткізіп, айды аспаннан бір-ақ шығарды. Бұл жүйелі жұмыстың жемісі ме, әлде кейінгі жылдары есірткі бизнесінің өңірде кең етек жайғаны ма?

8 АЙДА 481 ҚЫЛМЫС ТІРКЕЛДІ

Облыстық Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының берген ақпаратына сүйенсек, осы жылдың сегіз айының қорытындысы бойынша 481 есірткі қылмысы анықталыпты. Бұл өткен жылға қарағанда 89 қылмысқа артық. Анықталған қылмыстардың ішінде есірткі заттарын аса ірі мөлшерде сақтаудың 52 дерегі тіркелсе, есірткі заттарын өткізудің 87, есірткі өсімдіктерін өсірудің 20 және есірткі заттары контрабандасының 13 фактісі ашылған. Нәтижесінде, 79 келі 364 грамм гашиш, 796 грамм 792 миллиграмм героин, 447 келі 301 грамм марихуана, 1 тонна 475 келі 974 грамм қарасора өсімдігі және 24 грамм 056 миллиграмм синтетикалық есірткі заты заңсыз айналымнан шығарылған.

ДӘРІХАНАЛАРДАН БАСТАП ЕМДЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ ДЕЙІН ТЕКСЕРІЛЕДІ

Жалпы, биылғы сандар былтырғы көрсеткішті екі есе орап өтеді. Ал бес жыл бұрынғы жағдаймен тіпті салыстыруға келмейді. Сонда жыл өткен сайын Жамбыл жерінде есірткі бизнесі өршіп бара ма, әлде құзырлы сала мамандары қырандай қырағылық танытып жатыр ма?

Облыстық Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы Асқар Жұмабековтің айтуынша, бұл жүйелі жұмыстың жемісі екен.

– Қылмыс қай кезде де болған. Сонау ерте дәуірдің өзінде түрлі қылмыс жасалып жатты. Алайда олардың ашылу деңгейі төмен болды. Себебі жедел әрі нақты қылмыскерді не болмаса қылмыс орнын анықтайтын құрылғылар болмады. Сондай-ақ маман тапшылығы да қос бүйірден қысты. Қазір жағдай мүлде басқаша. Кейінгі жылдары құрылымдық мекемелер арнайы құрылғылармен жабдықталып, иісші иттер мен білікті кадрлармен толыға түсті. Сондай-ақ бейнебақылаулар, өткізу бекеттері, аудандардан құрылған арнайы топтардың жұмысы көп көмегін тигізіп келеді.

Мәселен, былтыр мамандарымыз 120 есірткі затын сату, 68 есірткі затын аса ірі мөлшерде сақтау, 26 құрамында есірткі заты бар өсімдіктерді өсіру, 733 үй қабырғаларына граффити жазбаларды жазу арқылы есірткі затын насихаттау және 3 есірткіні жарнамалау фактісін анықтап, заңсыз айналымнан 3 тонна 277 келі есірткі затын шығарды. 2019 жылмен салыстырғанда бұл 284 келіге жоғары. Тәркіленген есірткінің 3 тонна 199 келісі марихуана болса, 1 келіден астамы героин, 75 келісі гашиш және 2 келісі синтетикалық есірткі. Байқасаңыздар, жыл өткен сайын біздің жұмысымыз жүйеленіп, қылмыс пен тәркіленген есірткі затының көлемі артқан. Бұл құрылымның материалдық базасынан бастап, барлық бағыттағы жұмыстың күшейгенін көрсетеді, – дейді А.Жұмабеков.

Бұдан бөлек, басқарма биыл 14 дәріхана, 18 қойма, 4 емдеу мекемесі мен 1 кәсіпорынды тексеріп, 16 келіден астам әртүрлі есірткі затын тәркілеген. Оның 6 келісі гашиш болса, 8 келі 182 грамы марихуана, 1 960 данасы адам ағзасына зиян келтіретін дәрілер (трамадол, дигоксин, самнол, прозерин), 220 данасы морфин және 5 келі 770 грамы күкірт қышқылды прекурсорлар. Міне, осылайша құрылымдық мекеме дәріханалардан бастап емдеу мекемелеріне дейін тексеріп, өз көрсеткіштерін еселеп өсіріп отыр. Бұл өз кезегінде есірткі затына екінің-бірінің қолы жетпеуін қамтамасыз етеді.

ЖАППАЙ ТІНТУ МЕН ТЕКСЕРУДІҢ АСТАРЫНДА НЕ ЖАТЫР?

Әрине, құрылымдық мекемелердің материалдық базасы нығайып, қызметкерлерінің қырағылығы артса қуанамыз. Алайда мұндай ауқымды тексеру мен тінтудің астарында астыртын саясат жатқан жоқ па деген де ой келеді. Олай дейтініміз, былтырдан бастап Шу ауданынан қарасора өңдейтін зауыт ашу бастамасы көтерілген болатын. Бұл жобаны Zhana Zhol Holding limited жеке компаниясы қаржыландыруға дайын екенін көрсетті. Серіктестік директоры Александр Ким Жамбыл облысының географиялық орналасуы мен климаты қарасораны өңдеп, дәріге айналдыруға таптырмайтын орын екенін айтты. Ал жергілікті билік «Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағынан арнайы жер бөліп беретінін жеткізді. Әзірге бұл жобаға жан бітіп, қазығы қағылмаса да соңғы жылдары құзырлы сала мамандарының кірпік ілмей жұмыс істеуі осыған әзірлік секілді. Себебі зауытты іске қосу үшін ең әуелі Шу ауданынан заңсыз есірткі тасымалын тыю керек емес пе? Егер Шу мен Меркі ауданындағы қарасора қорын толықтай бақылауымызға алсақ, онда жаңа кәсіпорын үшін шикізат тапшылығы бір мезетте шешіледі. Биліктің көздегені осы сияқты.

ТҮЙІН:

Әрине, біздікі тек болжам ғана. Алайда ертегідегі Ертөстіктей сағат емес, секунд санап өскен Есірткі бизнесімен күрес басқармасының кейінгі жылдардағы көрсеткіші таңғалдырмай қоймайды. Бәлкім, шын мәнінде құрылымдық мекеменің материалдық базасы күшейіп, сала мамандарының да жұмысы жүйелене түскен шығар.

Десе де, тиынның екі жағын барын ұмытпайық. Әлемдік пандемия ел экономикасымен қатар қарапайым халыққа да қиын соққаны анық. Кім білсін, күнкөріс қиындағаннан кейін бұқара бала-шағасын асырау үшін қарасора теріп, заңсыз жолға түсті ме деген де ой келеді. Өйткені ұсталып жатқандардың арасында қарапайым жүргізушіден бастап төрт түліктің соңында жүрген малшыға дейін бар. Егер ел қысылғанынан есірткі саудасына кетіп жатса, оның арты жақсылыққа апармайтыны анық.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Атырауда алаяқтық азаймай тұр

Алаяқтық – әлем бойынша өте кең тараған қылмыс. Бұл қылмыстың біздің елімізде, әсіресе Атырау өңірінде таралуына жергілікті тұрғындардың аңғалдығы мен сенгіштігі себеп болып тұр. Алаяқтардың арбауына түспей, қырағылық таныта білуге әзірге атыраулықтар дайын емес секілді. Өңірде алаяқтық оқиғаларының көп болуы осыны айқындап отыр.



Айталық, ғаламтор өміріміздің ажырамас бөлшегіне айналғалы бері интернет алаяқтық ұғымының өзіндік сипаты көріне бастады. Мәселен, интернет поштаға көп көлемде ақша ұтқаны не мұрагерлік және тағы да басқа ақпарат жолдау, арзан бағаға автокөлік және оның қосалқы бөлшектерін сату тәрізді амалдар кеңінен танымал. Алаяқтардың негізгі мақсаты өзгенің мүлкін иеленуге бағытталған. Сондықтан азаматтардың алаяқтардың арбауына түспей, қырағылық таныта білуі маңызды болса да, алданып қалатындар еселеніп тұр.

Атырау облыстық Полиция департаменті берген ресми деректерге сүйенсек, жыл басынан бері 1 164 алаяқтық оқиға тіркелген. Оның 662 оқиғасы интернет алаяқтық. Енді оқиғаларға көшсек, шілде айында Атырау қаласының 1981 жылғы тұрғыны полицияға өзінің ұялы телефондағы банк қосымшасы арқылы белгісіз біреу 1 миллион теңге несие рәсімдегені туралы арызданған. Жәбірленушінің атына интернет арқылы несие рәсімдеген алаяқ Павлодар облысының 31 жастағы тұрғыны екені анықталды. Осыған сәйкес, Қылмыстық кодекстің 190-бабы 1-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп жатыр.

– Ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау немесе сенімін теріс пайдаланған жағдайда күдіктінің мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 3 жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе 4 мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не 4 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады, – деді Атырау облысы Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Қамза Үмбетқалиев.

«БАСПАНА АЛЫП БЕРЕМІН» ДЕП АЛДАЙДЫ

Айталық, алаяқтықтың зоры баспанаға байланысты жағдайларда көп кездеседі. Төмен бағада үй, кезексіз жаңа пәтердің иесі болу, жер алу – алаяқтардың «олжасы» болудың тағы бір әдісі. Бір ғана адамды емес, бірнеше адамның сенімін теріс пайдаланып, қаражатын иемденіп алатындары да жетерлік.

Былтыр тамыз айында бір әйел өзінің танысына Атырау қаласы, Нұрсая шағынауданынан 3 бөлмелі пәтер алып беремін деп өтірік айтып, 800 мың теңгесін иемденіп алған. Бұдан соң да қоймай, қараша айында үй алуды армандап жүрген әйел адаммен танысып, 4 бөлмелі пәтер алып беруге уәде етіп, 495 000 теңгесін алған. Әбден дәніккен ол биыл қаңтар айында WhatsApp желісі арқылы шығарылған жер телімінің жарнамалары арқылы тұрғынмен танысып, Атырау қаласындағы жақсы ықшамауданнан жер телімін алып беремін деп 750 мың теңге ақша сұраған. Тұрғындардың тірнектеп жиған ақшасын қалтаға басып жүрген ол ақыры құқық қорғау органы қызметкерлерінің қолына түсті. Аталған деректерге байланысты Қылмыстық кодекстің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағымен тергеу жүргізіліп, сотқа жолданды. Сөйтіп, алаяқ әйелге сот 3 жыл 1 ай бас бостандығынан айыру жазасын кесіп, жәбірленушілерге келтірген залалдың орнын өтеп беру шешімін шығарды.

Атырау қаласы Полиция басқармасының тергеушісі, полиция аға лейтенанты Ерсұлтан Нұрболаттың айтуынша, төмен бағада немесе кезектен тыс үй алып беремін деген алаяқтар көбіне өзін мемлекеттік қызметші ретінде таныстырып, жәбірленушілердің сеніміне кіреді. Тіпті, болашақта алатын үйді көрсетіп, өзге адамдарға осылай үй алып бергенін айтады.

БЫЛТЫР ДА АТЫРАУДА АЛАЯҚТЫҚ КӨП ТІРКЕЛДІ

Атырау облыстық сотында алаяқтық бабымен қаралған қылмыстық істер бойынша 2020 жылы 109 тұлғаға қатысты 103 қылмыстық іс қаралып аяқталған. Сот 76 тұлғаға қатысты 73 айыптау үкімін шығарды. Оның ішінде: 6 тұлғаға айыппұл салынып, 36 адамның бас бостандығы шектелді, 1 адам шартты түрде соттала, 33 тұлға бас бостандығынан айырылды.

Татуласуына байланысты 19 тұлғаға қатысты 17 іс қысқартылды.

Атырау облыстық сотынан алған ресми дерекке назар салсақ. 2021 жылдың 15 қыркүйегіне дейін 100 тұлғаға қатысты 97 қылмыстық іс қаралып, аяқталған. Бұл дегеніңіз былтырғы көрсеткішпен бірдей. Ал жылдың аяқталуына әлі үш ай уақыт бар.

Заңгер Салтанат Рахимованың айтуынша, өзіне алаяқтықтың құрбаны болып көмек сұрап келетіндер көп.

«Тәжірибе көрсеткендей, алаяқтық жолымен жеке адамның мүлкін иемденіп кету көбіне тауарлар мен қызметтерді тұтыну нарығында болады. Бұл жағдайдың жеке әрі заңды тұлғаларға елеулі дәрежеде материалдық және моральдық зиян келтіретіні түсінікті. Алаяқтар тұтынушы несиелерін рәсімдеу қызметтерін ұсыну жолымен халықтың сеніміне кіруге тырысады», – деген Салтанат Асқарқызы алаяқтыққа тұсау қоятын өзінің екі ұсынысын ашық айтты.

Оның айтуынша, алаяқтық қылмыстардың көбі ұялы телефон арқылы жасалады. Тіркелмеген ұялы телефон арқылы сөйлесіп, алаяқтық жасайды немесе тіркелмеген нөмірлерге ақша аудартып алады. Осыны болдырмау үшін ұялы байланыс операторлары тіркелмеген мобильді нөмірлердің қосылуына тыйым салғаны жөн. Екіншіден, интернет арқылы ақшаны есепшоттан аударып алудың бірнеше сатылы жүйесі болуы керек. Алайда ең алдымен азаматтардың сақтығы керек. Әдетте алаңғасарлар алаяқтардың алдауына түсіп қалады.

Тұрсын ЖҰМАБЕККЫЗЫ,
Атырау облысы

«Тарихымызды білсек, тәуелсіздік қадіріне жетеміз»

Биыл – Тәуелсіздікке 30 жыл. Қазақстан үшін айтулы мерейтой қарсаңында Қарағанды облысында түрлі жиын өтуде. Тәуелсіздік – басты байлығымыз. Оны баянды ету – ортақ парыз. Ол үшін жас буынды егемен ел атанғалы жеткен жетістіктермен таныстырып, патриоттық тәрбие берумен қатар, ұлттық болмысымызды бойына сіңіру ләзім. Осы мақсатта облыстық Білім басқармасы, қалалық білім бөлімінің қолдауымен Абай атындағы №104 мектеп-гимназиясы Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында «Тәуелсіздік жетістігі» тақырыбында ашық сынып сағатын онлайн өткізді. Шараға жалпы білім беру мекемелерінің 9-11-сынып оқушылары мен аймақтың айтары бар азаматтары қатысты.

Шараның шымылдығын «Айтыстың ақтаңгері» атанған айтыскер ақын Дидар Қами тәуелсіздік жайлы арнауымен бастады. Егемендікке жету жолындағы қарға тамырлы қазақтың қилы тағдырын жырға қосты. Түрлі әуенге салып, жүрекке жеткізді.

Ал Қарағанды университеті жанында жұмыс істейтін «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрсахан Бейсенбекова тәуелсіздіктің нәтижесі – бабалар арманының орындалуы деп есептейді.

– Мені тарихшы көзқарасымен жастарға Отанымыздың тәуелсіздік жылдарындағы табыстары туралы айтып беру үшін сынып сағатына шақырды. Еліміздің жетістіктері жетіп артылады. Кем дегенде, елде керемет мектептер салынып жатқанын алайық. №104-гимназияның өзі бұған дәлел. Балалардың мемлекеттік тілде оқуға мүмкіндігі бар. Білім беру саласында жаһандық өзгерістер болып жатыр. Жыл сайын педагог мәртебесі артып келеді. Ғылым мен технология дамып келеді. Мұның бәрі біздің егемендігіміздің көрсеткіші, – деп атап өтті Нұрсахан Бейсенбекова. – Осы Абай гимназиясының ашылуы – Тәуелсіздіктің арқасы. Елтаңба, Ту, Әнұран сияқты мемлекеттік символдарымыздың көкке көтерілуі – үлкен бақыт. Бұл – бабалардың арманы болды. Біз жеттік соған. Елбасының салиқалы саясатының арқасы барлығы. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев сол баянды істі көрегендікпен жалғастырып келеді. 30 жылда кемшілік те болды. Бірақ мұның бәрін жіпке тізе бермей, жасалып жатқан жақсылықты да көре білген жөн. Оны баянды етуге бәріміз атсалысуымыз керек. «Мың өліп, мың тіріліп» осы күнге жеттік. Шекарамыз шегенделді. Енді бүгінгі ұрпақтың парызы – елімізді дамытып, атын әлемге таныту, гүлдендіру, азаттықтың қадірін білу. Көптеген тарихи ескерткіш еңсе көтерді. Бүгінде 192 мемлекет бізді мойындады. Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында да бұл туралы баса айтты. Ұрпақтар сабақтастығы жалғасуы керек.

Ал мектепшілік «Ақтолқын» домбыра ансамблінің көркемдік жетекшісі Жансұлтан Ермекұлы Құрманғазының «Балбырауын» күйін күмбірлетті. Күй орындалып жатқанда үлкен экраннан тәуелсіздік тақырыбында рухты оятатын бейнежазба жүріп тұрды. Іштей үйлесім тапқан тұтас композиция арқамызды қоздырды.

– Тәуелсіздік жолында көптеген батыр бабамыз құрбан болды. Бүгінгі ашық сабаққа қатысып отырған жастар сол бабаларды білуі тиіс. Азаттық бізге оңай келген жоқ. Өкінішке қарай, кей жастар құлдық санадан шыға алмай өзге тілде сөйлейді. Өз тіліңді менсінбеу, ұлттық болмысымызға жат қылықтар көрсету – болашағыңа балта шабу. Жастар осыны жете түсінуі тиіс. Тарихымызды білсек, әдет-ғұрпымызды бойымызға сіңірсек адаспаймыз. Сонда тәуелсіздіктің де қадіріне жете аламыз. Бастысы санамыз, ойымыз тәуелсіз азат болса, адаспаймыз, – деді кәсіпкер, меценат Ерлан Әшім.

Спикер мектеп оқушыларын бейбітшілік пен бірлікті бағалай білуге, білімге ұмтылуға және қоғамның дамуына өз үлесін қосуға шақырды. Балалар да шетте қалмай, болашақ арман-жоспарларын бөлісті.

– «Жыл оқушысы – 2021» қалалық байқауының жүлдегерімін. Сондай-ақ менің ұстаздарым мен мектебімнің арқасында қол жеткізген көптеген марапатым бар. Болашақта өз еліме пайдамды тигізгім келеді. Себебі қазір сапалы білім алу үшін барлық жағдай бар. Қазір біз үшін барлық есік ашық екенін бағалаймын, – деді №104 мектеп-гимназиясының 9 «А» сынып оқушысы Сымбат Аманкелдина.

Бас басылым «Egemen Qazaqstan» газетінің бөлім меңгерушісі, ақын Мирас Асан ұйымдастырушыларға алғысын айтып, көтеріліп жатқан тақырыптың өзекті екеніне тоқталды.

«Отан десем – санамдағы ой керім,
Отан десем – кеудемдегі бай кенім.
Қастерлі бұл төрт әріп сөз аманда,
Төрт құбылам, төрт тарабым
сай менің», –

деп басталатын «Отан» өлеңін оқып, бір серпілтті.

Аймақтық SARYARQA арнасының редакторы Әшімхан Жанпейісов те азаттық жайлы азат ойларын ортаға салды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

«ARA- Вау» ЖШС сатып алынбаған кепілдегі мүліктерге: бұйымдар алтыннан жасалған №1-№811 лот бойынша сауда жариялайды:

Бастапқы бағасы:
1. 585 сынаманың 1 санатындағы бұйымдар – 15 093 теңге/грамм
2. 585 сынаманың 2 санатындағы бұйымдар - 16 603 теңге/грамм
3. 585 сынаманың 3 санатындағы бұйымдар - 18 112 теңге/грамм
4. 750 сынаманың 1 санатындағы бұйымдар – 19 350 теңге/грамм

Аукцион 11.00-де 29.09.2021 жылы Нұр-Сұлтан қаласы, Баян ауыл ауд., №1 үй, КБ 2 мекенжайы бойынша голландық әдіспен өтеді.

Аукционға қатысу үшін өтініштер келесі мекенжай бойынша қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Баян ауыл ауд., №1 үй, КБ 2. Тел. 8 (701) 797 30 53

Кепілдік жарна сомасы ұсынылған сомадан 5%. Аукцион басталатын уақыттан 1 сағат бұрын өтініштерді қабылдау тоқтатылады. Төлем жасау шарты 100% 5 жұмыс күн ішінде.

Деректемелер: «ARA Вау» ЖШС, БСН 160540006474

ЖСК KZ27551X125000016KZT, БСК KSNVKZKA, КБе 17, «Фридом Финанс Қазақстан Банкі» АҚ

Сенімді тұлға: Конусов Алтынбек Балхабекович

ТОО «ARA Вау» объявляет торги невыкупленного залогового имущества: изделия из золота и драгоценных камней с №1-№811 лотам

Стартовая цена:
1. Категория 1 изделия 585 пробы - 15 093 тенге/грамм
2. Категория 2 изделия 585 пробы - 16 603 тенге/грамм
3. Категория 3 изделия 585 пробы - 18 112 тенге/грамм
4. Категория 1 изделия 750 пробы- 19 350 тенге/грамм

Аукцион состоится 29.09.2021 года в 11.00 по голландскому методу по адресу: г.Нур-Султан, р-н Баян ауыл, д. №1, ВП 2.

Заявки на участие в аукционе принимаются по адресу: г.Нур-Султан, р-н Баян ауыл, д. №1, ВП 2, тел: 8 (701) 797 30 53

Сумма гарантийного взноса – 5% от заявленной суммы. Прием заявок прекращается за 1 час до проведения торгов. Условия оплаты 100% в течение 5-ти рабочих дней

Реквизиты: ТОО «ARA Вау», БИН 160540006474,

ИИК KZ27551X125000016KZT, БИК KSNVKZKA, КБе 17, АО «Банк Фридом Финанс Қазақстан»

Доверенное лицо: Конусов Алтынбек Балхабекович

«Ломбард «Сенімді іргетас» ЖШС тауар белгісі (Бірінші ломбард) 2021 жылы қыркүйек айының 17, 24 күні, сағат 12.00-де кепілге қойылған мүліктердің сатылымы өткізілетіні туралы жариялайды. Мекенжайымыз: Алматы қаласы, Ақсай-2 ықшамауданы, 10-үй. Тел: 8(727) 268-40-37.

ТОО «Ломбард «Сенімді іргетас» товарный знак (Бірінші ломбард) объявляет о проведении торгов залогового имущества 17, 24 числа сентября 2021 г., в 12.00 часов по адресу: г. Алматы, мкр. Аксай-2, д. 10. Телефон: 8(727) 268-40-37.

e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

Анаға құрмет

Қарағанды облысында тағы да бір жағымды жаңалық. Ұлысты ұйыстырып, руды ұйытқан ұлт анасы Қарқабатты білмейтін жан жоқ шығар?! Кешегі қаздауысты Қазыбек бидің арғы әжесі, әйел де болса ел анасы атанған ержүрек батыр анаға Қарқаралы қаласында ескерткіш қойылды. Тастұғыр тоғыз жолдың торабында тоғысар қанша қазақ баласына рух беріп һәм шежіре қуғызып, ұрпақ сабақтастырары сөзсіз.

Ескерткіштің орнатылуына Орталық Қазақстан академиясының ректоры Бақтыбай Жүнісов бастамашы болып, ашылуына облыс әкімі Жеңіс Қасымбек, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Күйеуінің кебісін көдемен ұлтарақтап, құманын қойнына салып жылытқан жұмақ жүзді, жауһар ізді ана туралы аңыз-әңгімелер қаншама. «Алғыс арты ақ май, қарғыс арты қара нан» демекші, жарының жанынан ризашылық алған осынау ұлы әйел тұлғасы маңайына сән, өлі далаға жан бергендей-ақ. Монумент қоладан құйылды. Биіктігі тұғырымен бірге – 7,5 метр. Мүсіннің авторы – Бейбіт Мұстафин.

– Қазақ аналарының ұлығы – Қарқабат ана. Ол – қазақ даласындағы аналардың бар асыл қасиеттерін бір арнаға тоғыстырған тау тұлға. Бұл ескерткіш бүкіл ана атаулыға арналады. Қарқабат ананың даналығы, өмір жолы мен бейнесі өскелең ұрпақ үшін үлгі болады. Себебі ол – халық бірлігін, патриотизмді және парасаттылықты білдіретін нышандарының бірі, – деді Жеңіс Қасымбек.

Атағы атан түйе шөктірер аруақты ана бұл күнде тек шежіре. Тастан тұғыр қойылды. Бұл да бір рухани баюдың белесі. Десек те, тағы бір қыры ескерткіштің бүгінгі аналарға өнеге екенінде.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

ЮНЕСКО желісіне кірді



Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі ЮНЕСКО-ның «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркін өзінің дүниежүзілік биосфералық резерваттар желісіне қосқанын хабарлады.

Мұндай шешім 15 қыркүйек күні ЮНЕСКО бағдарламасының «Адам және биосфера» халықаралық үйлестіру кеңесінің 33-сессиясында қабылданды.

Министрліктің мәліметінше, «Көлсай көлдері» өтінімінің елдегі және әлемдегі күрделі эпидемиологиялық шектеулер жағдайында дайындалғаны ерекше назар аударуға тұрарлық. «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі әкімшілігі қызметкерлерінің үйлесімді жұмысының арқасында Қазақстандағы ЮНЕСКО-ның «Адам және биосфера» бағдарламасының биосфералық резерваттарының Ұлттық желісі тағы бір биосфералық резерватпен толықтырылды.

Осылайша, бүгінде ЮНЕСКО ұлттық желісінің Қазақстандағы биосфералық резерват саны – 13. Бұл сан Орталық Азияның басқа елдеріндегі биосфералық резерваттар санынан едәуір асып түседі. Биосфералық резерваттар көлемінің осылай танылуы Қазақстанның биологиялық әртүрлілігін сақтау мәселелеріне әлемдік қоғамдастықтың назарын аударғанын және оны болашақ ұрпақ үшін сақтауға ұмтылатынын көрсетеді.

А.ЖОЛДАС

Еурододада «Қайратқа» сенім артамыз

Биыл тұңғыш рет жалауы желбіреген УЕФА Конференция лигасының топтық кезеңінде «Қайрат» командасы бақ сынамақ. Жаңа турнирде барлығы 32 команда сегіз топқа бөлініп, сынға түседі. Құрбан Бердыев баптайтын алматылық клуб Конференция лигасының «Н» тобында кипрлік «Омония», швейцариялық «Базель» және әзербайжандық «Карабахпен» кездесіп, топтың қос мықтысын анықтайды.

Абылайхан ЖҰМАШ

О баста «Қайрат» еурокубоктегі жорығын Еуропаның ең беделді турнирі Чемпиондар лигасының іріктеу кезеңінен бастаған. Алдымен Израильдің «Маккаби Хайфа» командасын қос ойын қорытындысы бойынша (1:1, 2:0) жеңіп, екінші кезеңде Сербияның «Црвена Звезда» командасына (2:1, 0:5) жол берді. Одан кейін Чемпиондар лигасынан шығып қалған алматылық команда Еуропа лигасының үшінші іріктеу сатысында Арменияның «Алашкертінен» (0:0, 2:3) жеңілді. Соңғы талпынысында Конференция лигасының топтық кезеңінде ойнау үшін іріктеу кезеңінің плей-офф сатысында Люксембургтің «Фола» командасын (4:1, 3:1) жеңіп, топтық кезеңге шыққан.

Осылайша, алматылық клуб қазақстандық командалар арасында Еурокубоктің күзгі маусымына жолдама алған үш команданың қатарына қосылды. Естеріңізде болса, бұған дейін Қарағандының «Шахтері» (Еуропа лигасы, 2013/2014 жылғы маусым) мен елорданың «Астана» клубы (Чемпиондар лигасы – 2015/2016 жыл, Еуропа лигасы – 2016/2017, 2017/2018, 2018/2019 және 2019/2020 жылдары) топтық кезеңде өнер көрсеткен еді. Сонымен қатар «Астана» Еуропа лигасының 2018/2017 жылғы маусымында турнирдің 1/16 кезеңіне дейін жеткен бірінші қазақстандық команда атанған. Енді міне, сол жетістікті алматылық клубтың қайталауына тамаша мүмкіндік туып тұр.

Тұңғыш рет Еуродода еліміздің намысын қорғайтын алматылық команда 16 қыркүйекте футболдан UEFA Конференция лигасы топтық кезеңіндегі алғашқы ойынын Кипрдің «Омония» командасына қарсы өткізеді. «Қайраттың» қарсыласы «Омония» 1965/66 жылғы кезеңнен бері еурокубок ойындарына қатысып келеді. 2003-2004 жылғы кезеңде Чемпиондар лигасы бірінші іріктеу сатысында Қазақстанның «Ертісін» (0:0, 2:1) жеңген. Бұл жолы тағы бір қазақстандық ұжым кипрлік клубпен жасыл алаңда жолығып, «Ертісте» кеткен есені қайтаруға бар күшін салып көреді.

Бастапқыда «Қайрат» футбол клубы Бақылау кеңесі төрағасының кеңесшісі қызметіне тағайындалған Құрбан Бердыев осы кездесуде аталған клубты бас бапкер ретінде жарыс жолына алып шығады. Білікті маман УЕФА Конференция лигасының топтық кезеңіндегі алғашқы қарсыласына қарсы қандай тосынсый дайындағанын бүгінгі ойын көрсетеді. Ал «Омония» командасының бас бапкері Хеннинг Берг ойын алдындағы баспасөз мәслихатында «Қайраттың» шабуыл шебі мықты екенін, сондықтан сырт аланда өз командасының қорғаныста аса сақ ойнайтынын айтып қалды.

Кипрлік «Омониямен» ойын алдында спорт журналисі Фараби Әбдіхалық «Қайраттың» қазіргі деңгейі, топтан шығуға мүмкіндігі туралы пікірімен бөлісті.

– Н тобындағы командалар бір-бірімен деңгейлес. Атағы жер жаратын «Базель» бұрынғыдай қарқынды емес. Әйтпесе кезінде олар қатарынан бірнеше мәрте Чемпиондар лигасында өнер көрсеткен. Кейінгі жылдары Швейцарияда «Янг Бойз» клубы чемпиондықты ешкімге бермей келеді. Сондықтан олармен тең дәрежеде ойнауға, сырт аланда да, өз алаңымызда да ұпай алға болады. «Карабах» пен «Омония» командалары да орта деңгейлі ұжымдар. Егер алматылық клубтың футболшылары бас бапкер Құрбан Бердыевтің тапсырмасын орындай алса, сенімді ойын өрнегін көрсетсе, топтан шығуға мүмкіндігіміз бар. Канте мен Вагнер Лав секілді үздік шабуылшылар қазақстандық команданың көшін алға сүйреп, «Қайраттың» плей-офф кезеңінде өнер көрсетуіне көмектеседі деп ойлаймын, – дейді ол.

Айта кетейік, әр топтан бірінші және екінші орын алған командалар жарысты көктемгі маусымда одан ары жалғастыруға мүмкіндік алады. Топтың жеңімпазы 1/8 кезеңге жолдама алса, екінші орындағы команда Еуропа лигасының топтық кезеңінде үшінші орын алған клубпен кездеседі.

Күзгі маусымды жаңа қарқынмен, жаңа бапкермен бастағалы тұрған «Қайрат» футбол клубы алдағы үш ай бойы қазақстандық жанкүйерлерге нағыз мерекелік көңіл күй сыйлады деген үміттеміз.

Бауырлас елдің тартуы

Стамбұлда Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған естелік монетаның тұсаукесері өтті.

Елшіліктің хабарлауынша, салтанатты шараға Қазақстанның Түркиядағы елшісі Абзал Сапарбекұлы, Қазақстанның Стамбұлдағы бас консулы Әлім Байел, Түркия Теңге сарайының директоры Абдуллаһ Ясир Шахин, зиялы қауым өкілдері мен журналистер қатысты.

Елші Абзал Сапарбекұлы монетаның бауырлас Түркияның қастерлі Тәуелсіздігіміздің мерейлі тойына жасаған ерекше сыйы ретінде түрік елінің Қазақстанға деген ыстық ықыласының белгісі екенін мәлімдеді.

Күмістен соғылған монетаның дизайнын Теңге сарайымен бірлесіп әзірлегендіктерін айтқан бас консул Әлім Байел онда еліміздің терең тарихы мен Түркі әлемінің қара шаңырағы ретіндегі ролін айқындағанын айтты.

Өз кезегінде, Абдуллаһ Ясир Шахин өзі басқарып отырған Түркия Республикасы Теңге сарайының 1467 жылдан бастау алатынын айта келе, Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына осындай тарту жасаудың өздері үшін үлкен қуаныш екенін жеткізді.

Монетаның бет жағында Қазақстанның мемлекеттік Туы мен түрікше «Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы» жазуы орын алған. Сырт жағының ортасында Қазақстанның картасы бейнеленген. Картаның ішінде латын әріптерімен қазақша Qazaqstan деп жазылған.

Сондай-ақ картада қазақ жеріндегі бірқатар тарихи мемлекеттердің атаулары түрікше жазылған. Атап айтқанда, олар: сақтар, ғұндар, Түрік қағандығы, Алтын Орда мен Қазақ хандығы. Реверстің үстінгі жағында Орхон-Енисей ескерткіштеріндегідей көне түркі жазуымен «Түрік» деп жазылған. Астыңғы жағында қошқармүйіз оюы бейнеленген.

31 грамм күмістен құйылған және құны әлдеқайда жоғары монетаның номиналды бағасы – 30 түрік лирасы. Ә.Байел әдетте мұндай монеталардың 20 лиралық номиналға ие болатынын, алайда түрік тарапының Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Қазақстан үшін бұл ережені өзгерткенін айтты.

Естелік монета Түркия Теңге сарайының ресми сайтында сатылымға шығады. А.Сапарбекұлы мен Ә.Байел шектеулі санмен шыққан монетаның отандық, түрік және әлемдік коллекционерлердің үлкен қызығушылығына ие болатынына сенім білдірді.

А.АЙДАРҚЫЗЫ

NURMEDIA AIQYN

Меншік иесі –
«Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор –
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ – Бас редактордың бірінші орынбасары
Гүлзина БЕКТАС – шығарушы редактор
Асқар БЕК – веб-сайт редакторы
Елдар ҚАБА – секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ – Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ерқанат СӘРСЕНБАЙ – Қызылорда облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpayeva@liter.kz
reklama@liter.kz

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@liter.kz
bekkozhayeva@liter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3995
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Мейірім БАҚЫТЖАН